

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

Гүлшат БАХТИЯРОВА:

Ұстаздық — бақытым

ҚЖұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің
профессоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты
«Жоғары оқу орнының
үздік оқытушысы - 2019»
мемлекеттік
грантының иегері



4-5 66

Осы санда



ДЛЯ НАС
ОНИ ПРЕЖДЕ
ВСЕГО ДЕТИ

10-стр



СЫЙЛЫҚ -
85 КІТАП

12-6



ЗА ПОДДЕЛКУ
МЕЛДОКУМЕНТОВ
И СПРАВOK
НАКАЖУТ
УГОЛОВНОЙ
СТАТЬЕЙ

15-стр

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости



УНИВЕРСИТЕТ СЕРІКТЕСТЕРІ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

Жұбанов университеті Ғылыми кеңесі мүшелері өткен жылдағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін саралады. Отырысқа университеттің серіктестері: «Атамекен» ҰКП аймақтық бөлімі Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасының бөлім басшысы Диана Жұмабаева мен «Казхром» ТҰҚ АҚ «ERG F3IO» металлургия зертханасының меңгерушісі Марал Алмағанбетов қатысты.

Диана Жұмабаева жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту бойынша атқарылып жатқан бірлескен жұмыстардың барысын баяндады. «Алдағы уақытта да студенттердің ішінен өз кәсібін ашатын деп талаптанғандарына бағыт-бағдар берумен шектелмей олардың бизнес-идеяларын жүзеге асыруға қолдау көрсетеміз. Кәсіпкерлік адамның рухани-материалдық өсуіне оң әсер ететін құрал. Біз жүйелі түрде ұйымдастыратын курстарда бизнес-тренерлер аз қаржымен қалай жеке кәсіп бастауға болатынын, өңірде қандай бизнес түрі жеткіліксіз екендігіне бағдар беріп отырады», — Д.Жұмабаева. Ал Марал Алмағанбетов ол меңгерушілік ететін зертханада студенттер 14 жылдан бері өндірістік тәжірибеден өтіп жүргенін, бұл үрдіс дәстүрге айналғанын, соңғы жылдары университетпен шикізат өндіру бойынша жобалар жасалып жатқанын айтып өтті.

Жұбанов университетінің 2019 жылғы ғылыми-зерттеу қызметінің қорытындысы және 2020 жылға арналған міндеттері жайында ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Рахым Бекназаров баяндама жасады. Баяндамадағы деректерге сүйенсек, ЖОО ғылыми-зерттеу жұмысының барлық бағыттарында оң динамика бар. Хирш индексі 3-тен 6-ға көтерілген. «Scopus» және «Web of Science» халықаралық ғылыми журналдарында университет ғалымдарының 70 мақаласы жарияланды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің БҒСБК бекіткен баслымдарда жарияланымдар саны 216. Өткен жылмен салыстырғанда 42 мақалаға көп. Бір жыл ішінде 9 халықаралық, 4 республикалық деңгейде ғылыми конференциялар өткізілді. 2 оқытушы «ЖОО үздік оқытушысы-2019» республикалық байқауында жеңімпаз атанды. Университеттің білім алушыларының ғылымға қызығушылығы артты. Қатарға жаңа 7 ғылыми үйірме қосылды, олардың жалпы саны қазір 26-ға жетті. «Мұнай-газ ісі», «Металлургия», «Физика», «Математика» бағыттарында CF3Ж түрлі байқауларда жүлделер алды. Отырыста сөйлеген ректор Бауыржан Ердембеков ғылыми жобалардың аймақтық мәселелерді шешуге арнауына, ғылыми кадрлар дайындауға басым назар аударылуына, университеттің ғылыми әлеуетін күшейтудің маңыздылығына басымдық бере, әрқайсысына жеке тоқталды.



ПАРТНЕРЫ УНИВЕРСИТЕТА ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ В ЗАСЕДАНИИ УЧЕНОГО СОВЕТА

Члены Ученого совета университета Жубанова проанализировали результаты научно-исследовательских работ за прошедший год. В заседании приняли участие партнеры университета: руководитель отдела Палаты предпринимателей регионального филиала НПП «Атамекен» по Актобинской области Диана Жумабаева и заведующий лабораторией металлургии «ERG НИИО» АО ТНК «Казхром» Марал Алмағанбетов.

Диана Жумабаева рассказала о проводимой совместной работе по развитию предпринимательства среди молодежи. «Мы не только даем ориентиры студентам, желающим открыть собственное дело, мы создаем возможности для реализации их бизнес-идей. Эта работа будет продолжена. Предпринимательство является инструментом, способствующим духовно-материальному росту человека. На курсах, регулярно организуемых нами, бизнес-тренеры рассказывают о том, как начинать бизнес с малыми финансами, какие сферы бизнеса в регионе недостаточно развиты», — сказала Д.Жумабаева. А Марал Алмағанбетов отметил, что в лаборатории, где он заведует, студенты проходят производственную практику уже 14 лет, и это стало традицией, в последние годы с университетом разрабатываются проекты по добыче сырья. С итогами научно-исследовательской службы Министерства образования и науки РК число публикаций составило 216. По сравнению с прошлым годом на 42 статьи больше. За один год было проведено 9 конференций на международном и 4 на республиканском уровнях. 2 преподавателя стали победителями республиканского конкурса «Лучший преподаватель ВУЗа-2019». Повысился интерес к науке у обучающихся. Открыты 7 новых научных кружка, достигнув общей цифры 26. НИРС по направлениям «Нефтегазовое дело», «Металлургия», «Физика», «Математика» получили награды в различных конкурсах. Выступивший в ходе заседания ректор Бауыржан Ердембеков остановился на отдельных научных проектах, направленных на решение региональных проблем, уделении особого внимания подготовке научных кадров, важности усиления научного потенциала университета.

PARTNERS OF THE UNIVERSITY TOOK PART IN THE MEETING OF THE ACADEMIC COUNCIL

Members of the Academic Council of Zhubanov University analyzed the results of research works over the past year. The meeting was attended by partners of the University: Diana Zhumabayeva head of the Department of the Chamber of entrepreneurs of the regional branch of NCE "Atameken" in the Aktobe region and Maral Almaganbetov head of the laboratory of metallurgy "ERG NIIO" of JSC TNK "Kazhrom". Diana Zhumabayeva told about the joint work on the development of entrepreneurship among youth.

"We not only give guidance to students who want to start their own business, we create opportunities for the implementation of their business ideas. This work will continue. Entrepreneurship is a tool that contributes to the spiritual and material growth of a person. At the courses regularly organized by us, business coaches talk about how to start a business with small finances, which areas of business in the region are not sufficiently developed," D. Zhumabayeva said. And Maral Almaganbetov noted that students have been working in the laboratory where he is in charge for 14 years, and this has become a tradition, in recent years, projects for the extraction of raw materials have been developed with the University.

Vice-rector Rakhim Beknazarov shared the results of the research service of the University of Zhubanov for 2019 and the tasks for 2020. From the report, it became known that there is a positive trend in all areas of research work of the University. The Hirsch index rose from 3 to 6. 70 articles by University scientists were published in the international scientific journals "Scopus" and "Web of Science". The number of publications registered by the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan was 216. Compared to last year, there are 42 more articles. In one year, 9 conferences were held at the international level and 4 at the national level. 2 teachers won the Republican contest "Best University teacher". Students' interest in science has increased. 7 new scientific circles were opened, reaching a total of 26. Research works of students in the areas of "Oil and gas business", "Metallurgy", "Physics", "Mathematics" received awards in various competitions. Speaking at the meeting, rector Bauyrzhan Yerdembekov focused on individual research projects aimed at solving regional problems, paying special attention to the training of scientific personnel, and the importance of strengthening the scientific potential of the University.

✓ Main news

Қ.ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕ БЕРІЛДІ

Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университетіне ерекше мәртебе беру туралы Жарлыққа ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 15-қаңтарын да қол қойды.

Ерекше мәртебе университетке академиялық және басқарушылық дербестік береді, PhD философия докторы мен сала бойынша доктор дәрежесін тағайындауға, білім беру бағдарламаларының мазмұнын анықтауға, жеке үлгідегі дипломдар беруге мүмкіндік ашады. Сондай-ақ енді мұнда білім беру гранттарының құны артады. Осыған байланысты ПОҚ жалақысы көтеріледі, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жаңартылады.



Қ.Ясауи университеті Түркістан қаласында Елбасы Н.Назарбаевтың қолдауымен 1992 жылы ашылған болатын. Университет Қазақстандағы ең алғашқы халықаралық ЖОО болып саналады. Мұнда әлемнің 17 елінен жастар келіп, оқып жатыр. Білім беру қызметі бакалавриаттың 54, магистратураның 30, PhD докторантураның 11, интернатураның 7, резидентураның 3 мамандықтары бойынша жүзеге асырылады.

УНИВЕРСИТЕТУ Х.ЯСАВИ ДАН ОСОБЫЙ СТАТУС

Указ о присвоении особого статуса Международному казахско-турецкому университету им. Ходжа-Ахмета Ясави был подписан Президентом РК Касым-Жомарт Тоқаевым 15 января 2020 года. Особое звание дает университету академическую и управленческую свободу, возможность присвоения степени PhD философии и доктора по профилю, определения содержания образовательных программ, право выдачи дипломов частного образца. Также, теперь здесь увеличится число образовательных грантов. Это ведет за собой повышение заработной платы ППС, обновление материально-технической базы учреждения.

Университет Х.Ясави открыт в городе Туркестан в 1992 году при поддержке Елбасы Н.Назарбаева. Это первый в Казахстане ВУЗ с международным статусом. Здесь получают знания молодые люди из 17 стран мира. Образовательные услуги предоставляются по 54 специальностям бакалавриата, 30 - магистратуры, 11 - PhD докторантуры, 7 - интернатуры, 3 - резидентуры.

H. YASAVI UNIVERSITY IS GIVEN A SPECIAL STATUS

On January 15, 2020 was signed by President of Kazakhstan Kasym-Jomart Tokayev order on granting special status to the Khoja-Akhmeta Yassavi International Kazakh-Turkish University. A special title gives the University academic and managerial freedom, the possibility of assigning a PhD in philosophy and a doctor's degree in the profile, determining the content of educational programs, and the right to issue private diplomas. Also, now the number of educational grants will increase here. This leads to an increase in the salary of staff, updating the material and technical base of the institution.

Kh.Yasavi University was opened in Turkestan in 1992 with the support of Elbasy N. Nazarbayev. This is the first UNIVERSITY in Kazakhstan with an international status. Young people from 17 countries get their knowledge here. Educational services are provided for 54 bachelor's degrees, 30 master's degrees, 11 PhD doctorates, 7 internships, and 3 residencies.



PROACTIVE АКАДЕМИЯСЫ ВОЛОНТЕРЛАР ЖЫЛЫН АШТЫ

Жубанов университетінде ProActive академиясы ашылып, оның алғашқы сабағы волонтерлік қызметке арналды. Осылайша ЖОО Қазақстанда жарияланған 2020 волонтерлар жылының ресми ашылу рәсімін өткізді. Семинарға университет ректоры Бауыржан Ердембеков пен Ақтөбе облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Мейрамбек Махамбетов қатысып, оқу орнында белсенді жұмыс істеп жатқан волонтерлар қозғалысы белсенділеріне сәттілік тіледі.

Волонтерлар екі күн бойы волонтерліктің жаңа қырларымен танысты. Оларға университеттің жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы, 6 жыл волонтерлік тәжірибесі бар Наркозы Қартжан кеңестер берді. «Волонтер болу әр адамның тұлғалық дамуына құйылатын инвестиция деп түсінемін. Жақынға жәрдемдесу игілікті іс», — деді спикер. ProActive академиясының ашылуына қолдау көрсеткен Әлеуметтік және жастар саясаты департаментінің директоры Қарылғаш Сатыбалдина «Волонтер болғысы келетін жастар көбеюде. Бірақ іштерінде волонтерлік қызметтің заңнамалық тұстарын, құқықтары, міндеттері жайында білмейтіндері көп. Сондықтан академияда осы маңыздылыққа мән бермекпіз», — деді.

Бүгінде Жубанов университетінде 7 волонтерлар клубы жұмыс істейді. Оларға 600 студент мүше.

Волонтерлік қызмет аясы өте кең. Спикерлер волонтерліктің 43 бағытына, оның ішінде экологиялық волонтерлік, спорттық волонтерлік, білім беру қызметі волонтерлері салаларына тоқталды. Семинарға қатысушыларға оның соңында сертификаттар тапсырылды.

АКАДЕМИЯ PROACTIVE ОТКРЫЛА ГОД ВОЛОНТЕРСТВА

В университете Жубанова открылась академия ProActive, первый урок которой посвятили волонтерской службе. Таким образом, ВУЗ провел официальную церемонию старта Года волонтерства, провозглашенного в 2020 году в Казахстане. В семинаре приняли участие ректор университета Бауыржан Ердембеков и руководитель актобинского областного управления молодежной политики Мейрамбек Махамбетов, пожелав удачи активистам волонтерского движения вуза. В течение двух дней волонтеры познакомились с новыми сторонами деятельности. Свои

консультации им дал председатель молодежного комитета с 6-летним опытом волонтерства Наркозы Картжан. «Быть волонтером значит инвестировать личностному развитию. Помощь ближнему — благое дело», сказал спикер. Оказавшая поддержку открытию академии ProActive директор Департамента социальной и молодежной политики Карылгаш Сатыбалдина рассказала: «Растет число желающих быть волонтерами. Но много среди них незнающих законных сторон работы, своих прав и обязанностей. Поэтому в академии намерены уделить внимание этим важным вопросам». На сегодня в университете Жубанова функционируют 7 волонтерских клубов, где задействовано 600 студентов.

Служба волонтерства имеет широкий спектр деятельности. Спикеры остановились на 43 направлениях, в числе которых экологическое, спортивное, образовательное волонтерство. По итогам семинара участникам были выданы сертификаты.

PROACTIVE ACADEMY OPENS YEAR OF VOLUNTEERING

At the Zhubanov University was opened the ProActive Academy, the first lesson of which was devoted to volunteer service. Thus, the UNIVERSITY held an official ceremony for the start of the Year of volunteerism, proclaimed in 2020 in Kazakhstan. The seminar was attended by the rector of the University Bauyrzhan Yerdembekov and the head of the Aktobe regional Department of youth policy Meirambek Makhambetov, wishing good luck to the activists of the University's volunteer movement. Within two days, the volunteers got acquainted with new aspects of their activities. They were advised by the Chairman of the youth Committee with 6 years of experience in volunteering Narkozy Kartzhan. «Being a volunteer means investing in personal development. Helping your neighbor is a good thing,» the speaker said. Karylqash Satybalдина, Director of the Department of Social and youth policy who supported the opening of the ProActive Academy, said: «The number of people who want to be volunteers is growing. But many of them do not know the legal aspects of work, their rights and responsibilities. Therefore, the Academy intends to pay attention to these important issues.»

Today, there are 7 volunteer clubs at Zhubanov University, where 600 students are involved.

The volunteer service has a wide range of activities. The speakers focused on 43 areas, including environmental, sports, and educational volunteering. As a result of the seminar, participants were issued certificates.

✓ **Ай ағамы**✓ **Человек месяца**✓ **Person of the month**

Гүлшат БАХТИЯРОВА:

Ұстаздық — бақытым

Ауылым – бақыт тұғырым

Кіндік қаным тамып, туып-өскен жерім ерке Ақжайықтың жағасы, Атырау қаласы маңындағы сол кездегі шағын ауыл Томарлы. Қазірде бұл ауыл Атырау қаласымен шектесіп кетті. Ауылыма жылына бір бармасам, сағынамын. Сол жерде балалық бал күндерімнің іздерімен табысамын, өскен қара шаңырағым барып, мауқымды басамын, қимас жандарым, марқұм әжем, әке-шешем мәңгілік мекен еткен қорымға барып, рухтарына дұға бағыштаймын.

Осы туған ауылым Томарлыда орта мектепті бітірдім. Құрдастарыммен бірге мен де әсем, үлкен қалаға кетіп, жоғары білім алуды армандадым. Заңгер боламын дейтінмін. Алайда, мектеп бітіргеннен кейін болашақ мамандық таңдаудағы шешімді әкемнің ықпалымен жасадым. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау МУ-не оқуға құжаттар тапсырдым. Қазір ойласам, анашым мен әкешім кенже қыздары мені алысқа жібергілері келмеген ғой. Сол кезде олар маған тым қатал көрініп еді. Білмеймін, ішкі ойым қаламай тұрғасын ба, бірінші жылы ЖОО-ға конкурстан өтпедім. Бір жағынан қуанған сияқтымын ба. Бірақ, өмір жолымдағы алғашқы сүрінісім маған қатты әсер етті. Қайрады, намыстандырды. Тіпті, алдарынан қия өтпейтін әке-шешеме «Мен Атырауда қалмаймын, басқа қалаға оқуға түсемін», - деп кесіп айтты. Олар үнсіз келісті. Десе де шалғайға кетпедім, көрші қала Ақтөбеге келдім. Сөйтіп осында барлық саналы ғұмырым өтіп жатыр. Отбасын құрып, жарым Нұрланмен Айбол, Айша есімді ұл-қыз тәрбиелеп отырмыз. Екеуі де мектеп оқушылары.

Ұстаздыққа махаббатымды оятқан – Ақтөбе

Арайлы Ақтөбеде жолым болды. Қазір өзім еңбек ететін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің (бұрынғы атауы Ақтөбе педпгоикалық институты) жаңадан ашылған «Мектепке дейінгі педагогика және психология» мамандығының студенті атандым. Бұл Кеңестік дәуірдің соңғы жылдары еді. Студенттік шағым белсенді өтті. Ректор Мұхтар Арынның бастамасымен студенттердің өзін-өзі басқаруы тәжірибесі жүріп жатқан кез, мен жатақханадағы Студенттік кеңестің төрайымымын.



Ешнәрседен қаймықпай түрлі қоғамдық мәселелерге араласамыз. Осы қасиеттерге бәрімізді баулитын Мұхтар Ғалиұлы, көргенде іш тартып тұратын. Ол кісімен табысқанымды, тәрбиесін көргенімді – бағым деп есептеймін. Лауазым иесі болса да, кабинетте отырмай студенттер арасында жүретін. Аудиторияларды жаңа үлгімен жабдықтауды бастаған да ол. Бүгінде айтып жүрген «Абайтану», «Жұбановтану» инновациялық бағытындағы бастамалар Мұхтар Арынның басшылығымен бастау алды. Ұстаздыққа махаббатымды оятқан – Ақтөбе десем, ұстаздыққа дұрыс бағыт берген сол кездегі ұстаздарым, түрлі пәндерден дәріс оқыған марқұм София Үскібайқызы, бүгінде ортамызда бірге еңбек етіп жүрген Светлана Ермекбайқызы, Әсия Болатқызы мен қатар Мұхтар Арын ұстазым. Мұхтар Ғалиұлы өз жазбаларында нағыз ұстазға тән қасиеттерді саралай келіп, біріншіден, ұстаздың соңынан өрген шәкірттері болуы керек. Екіншіден, қандай заман болса да, ұстаз ең алдымен білімді адам болуы тиіс, сонда ғана ол нағыз ұстаз болады. Үшіншіден, ұстаз қай жерде болса да ұстаздық міндетін адал орындап, өз ісімен басқаларға үлгі болуы керек. Төртіншіден, ұстаз ұлттық сезім туғызатын ойларды насихаттап, ортаға ой салып, түсіндіріп, ағартушылық қызметтерді атқаруы керек», — дейді. Міне, «Ұлт ұстазы», кемеңгер ұстазымыздың қалдырған осындай тұжырымындағы ағартушылық қасиеттері мен қабілеті басым дара тұлға болып қалыптасу, шәкірт жүрегіне жол

тапқан ұстаз атану кез келген педагогтың арманы ғана емес, кәсіби мақсат-мұраты деп білемін.

Алматыдағы шыңдалу

Адам өмірінде бақытқа жетелейтін қандай күш, оның басындағы бағы мен бақытының бастауы қайда, оған жеткізер жол қандай деген сауалдардың туындайтыны заңдылық. Дегенмен, әр пенде бұл сауалға өзі бағындырған өмір иірімдері арқылы түсініктеме бере алады.

Үздіктер қатарында «Қызыл дипломның» иегері болсам да, бұл нәтиже білімділіктің көрсеткіші емес екенін еңбек еткен алғашқы жылдарымда-ақ ұғына бастағанмын. Көп нәрседе әлі терең білім мен біліктіліктің аздығын іштей сезініп жүрдім. Осындай ойландырып шырмауында жүргенде ұстазым М.Арынның өзі берген жолдама Алматы қаласындағы сол кездегі Қазақ қыздар педагогикалық институтының «Мектепке дейінгі педагогика және әдістемесі» кафедрасынан ғылыми тағылымдамадан өтіп, оқытушылық қызметімді үлкен қалада жалғастыра жүріп, ғылыммен айналысуыма мүмкіндік берді.

Бір жыл тағылымдамадан соң, Абай атындағы АМУ-і жанындағы өзім мақсат тұтқан аспирантураның күндізгі оқу бөліміне түсу бүгінгі кәсіби саладағы бақытымның бастауының екінші бір кезеңі деп білемін. Аспирантурада 3 жыл білімді жетілдіру барысында үздіктер қатарында болып, 1-курстан кейінгі есеп

беруден соң, зерттеу саламадағы жетістіктерім жоғары бағаланып, 2-3 курстарда Ы.Алтынсарин атындағы жоғары стипендия иегері атанып, оқуымды мерзімінен бұрын тәмамдап шықтым. Аспирантурада оқып жүріп, отандық педагогика және жоғары мектеп саласында есімдері танымал Н.Д.Хмель, Л.К.Керимов, С.А.Ұзақбаева және т.б. көптеген ғалымдардан тәлім-тәрбие көрдім. Нәтижесінде ғылыми-педагогикалық жолымдағы тұңғыш бағындырған биік белесім, 1999 жылдың 24 қыркүйегінде 13.00.01 - «Жалпы педагогика» мамандығы бойынша, 28 жасымда педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алдым.

Өнегелі тәрбие – өмірлік

Академиялық ортаның мәдениетін бойымызға сіңіре жүріп, еңбекке деген жауапкершілікті қалыптастыру, ұжым, студент аудиториясы алдындағы міндет пен сенімді ақтау оңай болған жоқ. «...Жоғары оқу орны бірыңғай кадр даярлаумен ғана шұғылданса, онда ұзаққа бармаймыз. Тәрбие мәселесін тұтастай халықтың арасында жүргізіп отыратын, жұртқа үлгі-өнеге көрсететін мекеме болса ғана оның мерейі үстем болмақ», - деген Мұхтар Арынның ұлағаты ылғи есімде жүрді.

Дүние есігін ашқаннан өнегесім, ақыл-ойыммен бөлісіп, тәрбиелеген әкемнің орны бөлек. Ол ылғи «Қолыңда қаражат болса алдымен кітап салып ал!», «Қызым, кітап алып, оны оқи білу де үлкен

мәдениеттілік», «Сен ұстазсың, ал ұстаздық еткен адамның кітап оқуын қойған сәтінен ақ, оны өлген адамға теңеуге болады» деген сөздері жадымда мәңгі жатталды. Өзі де ұстаз әкем сырттағы қадамымды бақылауда ұстап, қаталдау болса да, үй ішінде өте мейірімді еді.

Келесі мен көп тәрбие алған жан ғылым мен білімнің сырын меңгерудің нағыз хас шебері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей халықаралық педагогика ғылымдары академиясының (МАНПО) және Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының (АПН) академигі – Ұзақбаева Сақыпжамал Асқарқызының еңбегі ерекше. Бұл ұстазыммен алғаш ғылымға қадам басқан жылдарымда, 1996 жылы таныстым. Алғашқыда сырттай көргенде «осы кісі менің ғылыми жетекшім болса» деп тілеп едім. Талапты, талантты, еңбеккер Сақыпжамал Асқарқызымен тоғыстырған тағдырға өте ризамын. Ғылыми-зерттеушілік жолымда шабыт пен шығармашылық жетістіктерге жетелеп отырған, ұлт, ұрпақ алдындағы жауапты іске деген сүйіспеншілікті бойыма сіңірген ұстазымнан үлгі-өнеге алдым, қатаң талабы, шәкіртке деген ыстық махаббатын сезіне жүріп ғылыми жетекші болудың мектебінен өтміз десем де болады. Жүрегі жомарт ғалым өз шәкірттеріне деген аналық қамқорлығын еш аямайтын. «Ұстаз болу – өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялау» деген тұжырым тура осы ұстазым, ғалым Сақыпжамал Асқарқызының болмысына қатысты айтылғандай, өйткені ол уақытпен санаспай әр кездесудің бізге ғылыми бағдар, кеңес берумен қатар бойымызға сенім ұялатып, ерік-жігерімізді қайрап отыратын, ең алдымен адам бойына керек асыл қасиет – намыстылық дейтін. Ұстазымның: «Бойында намысың болса, қандай қиын іс болса да аяғына дейін жеткізесің, қиындықтарға шыдайсың» деген талабы үнемі есте.

Мен үшін 1995 жылдардан бастап, өзім қызығушылық танытқан халықтық педагогика, қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті бағытындағы кандидаттық, кейін докторлық зерттеулеріме жалғасқан осы проблема өте қастерлі, құнды болып табылады. Әр ғалым үшін өзінің әрбір еңбегі бауыр еті баласындай қымбат рухани жан дүниесінің бір бөлігі. Мен де Сақыпжамал Асқарқызы ұстазыма ұқсап, қазақ халық педагогикасы мәселесін жан-жақты қырынан зерттей жүріп, өзімнің ғылыми мектебімді қалыптастыруды басты мақсат етіп, бар күш-жігерімді жұмсап келемін.

Марқұм профессор А.А.Калюжнийдың басшылығымен кафедрада еңбек ете жүріп, 2003 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Жоғары аттестациялық комитетінің 24 қазандағы шешімімен (№ 13 хаттама) «Педагогика» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағына (ASSOCIATE PROFESSOR of Pedagogics) ие болдым.

Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының Жалпы жиналысының 2016 жылғы 30 сәуірдегі шешімімен (№2 хаттама) Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент мүшесі ретінде сайландым (Диплом КМ № 0101).

Бүгінде өз-өзімнен есеп алып қарасам, тікелей жетекшілігімде 15-ке жуық магистрлік диссертация қорғалған екен. Бұл көп те, аз да емес. Бүгінгі таңға дейін ғылыми жетекшілігімде: «Қазақ этнопедагогикасы материалдары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру», «Мұхтар Арынның еңбектеріндегі этнопедагогикалық идеялар», «Этномәдени құндылықтар арқылы студенттерге патриоттық тәрбие берудің педагогикалық мүмкіндіктері», «Қазақ этнопедагогикасы материалдары негізінде студенттерге рухани-мәдениеттік тәрбие беру», «Қазақстандағы этномәдени бірлестіктер көпэтностық азаматтық қоғамды дамыту факторы ретінде», «Мектеп мұғалімдерінің білім берудегі инклюзивті оқытуды жүзеге асырудағы даярлығын зерттеу» және т.б. тың тақырыптарда магистрлік диссертациялар сәтті қорғалды.

Педагог беделі – қоғам мерейі

Педагог беделі ол сол ұстаз өмір сүріп отырған елдің, сол қоғамның мерейі деп білемін. Ұстазын ұлықтаған елдің мәртебесі қашан да биік болмақ. Өкінішке орай соңғы кездері біздің қоғамда педагог беделіне нұсқан келтіру, оған деген құрметтің аздығы туралы көп айтылып жүр. Ал жақында ғана елімізде «Педагог мәртебесі туралы» арнайы Заң қабылданып, күшіне енді. Жалпы 21 баптан тұратын бұл құжат ұстаздардың мәртебесін, беделін биіктетуге, оның ар-ожданын қорғау үшін қызмет ететініне сенемін. Сондай-ақ бұл заң елімізде білім беру сапасын арттырып қана қоймай, педагогтарды шығармашылық ізденістерге бастайтын, жаңа мол мүмкіндіктер туғызатын, әр мұғалімнің қоғам, ұрпақ алдындағы өз кәсіби міндетін адал атқаруына, ынта-ықыласы мен жауапкершілігін жоғарылатуға кепіл болатын маңызды құжат болмақ.

Дегенмен, біздің қазақ халқында ұстаз тұлғасына деген құрмет бұрыннан қалыптасқан. Оған ұлтымыздың болмысына тән ер отбасынан бастау алатын дәстүрлі тәрбие, педагогикалық мәдениеті дәлел. Сондықтан, менің танымымда біз кейінгі жастардың санасына ұстазға деген құрметтің ешқандай заң баптарымен өлшенбейтін, адамның жүрегінен үлкен орын алып, дәстүрлі тәлім-тәрбиемен санамызға сіңірілетін, қоғамдық мінез-құлық нормасына, міндетіне айналуы тиіс басты құндылықтың бірі деп білемін. Демек, қазақ қоғамына сай ата-ана, туған бауырды сыйлап, бағалау секілді ешбір заң баптарында жазылмаған құрметтің бірі — бүгінгі және келешек ұрпақ санасында ұстазға деген ардақтау сезімінің қалатындығында.

Менің шәкірттерім

Алғаш рет университетте «Педагогика» мамандығы бойынша магистратурада білім алып, менің жетекшілігімде қорғаған шәкіртім, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Дүйсенбаев Абай бүгінде С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті Педагогика факультетінің деканы қызметін атқарады. Ол «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», «Педагогика» оқулықтары мен бірнеше оқу құралдарының авторы. Осындай жігерлі, өз мақсаттары айқын, мақтан тұтатын шәкірттерімнің қатарында С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің оқытушылары Измагамбетова Әлия және Комарова Динара, Ақтөбе гуманитарлық колледжінің жоғары санаттағы оқытушысы Булебаева Райгүл және т.б. бар.

Бүгінде университет қабырғасында «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бағытында білім алып жатқан жатқан жас шәкірттерімнің ішінде өзінің базалық білімі филолог болса да, әдебиетті адам тәрбиесі туралы ғылыммен (Педагогика) байланыстырып, өткен тарихи кезеңдердің өкілдері, Ақтөбе аймағынан шыққан сөз зергерлері ақын-жыраулардың еңбектері мен идеяларын зерттеп жүрген, талапты, талантты, жаңашылдық бағытта ылғи ізденісте жүретін белсенді шәкіртім Сағадатов Райбекпен де мақтана аламын. Ол қазіргі уақытта Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде құрылған «ProActiv-2020» академиясының жетекшісі. Ақтөбе өңірінің қоғамдық өміріне де белсенді қатысады. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Ақтөбе әкімінің Алғыс хатымен, «Zhas Project» жастар корпусын дамыту жобасының үздік менторы, тренері болғаны үшін Ақтөбе облысының әкімі орынбасарының Алғыс хатымен марапатталды. Жас та болса, ізденімпаз азамат. Екеулеп жүріп бірқатар республикалық деңгейде Тараз, Алматы, Атырау, Ақтөбе қалаларында өткен байқаулар мен ғылыми-практикалық конференцияларға тікелей қатысып үлгердік.

Шәкірттерімді бойындағы ең алдымен отбасындағы ата-анадан алып келген тәлім-тәрбиесі, ғылым мен білімге деген жауапкершіліктері, тынымсыз ізденімпаздық қасиеттері үшін құрметтеймін. Осындай саналы, зерделі ұл-қыз тәрбиелеп жатқан ата-аналарға рахмет! Менің де оларға жетекшілік бекітілгеннен кейінгі басты талаптарым: «қатаң тәртіп болуы керек, екі сөйлемей, тапсырылған істерге үлкен жауапкершілікпен қараңдар» деп ескертемін.

Дана халқымыз «Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей, мен де ұл мен қыз тәрбиелеп отырған ана деген Алла нәсіп еткен міндетіммен қатар, ұстаз-ғалым ретінде енді-енді құрып, қалыптастырып келе жатқан осындай ғылыми мектебіммен марқаймын.

Ұстаздық – бақытым

Адам баласының әр өмір белесі, әр кезеңі ерекше мәнді оқиға. Осынау белестері жақсы жетістіктерге толы болып жатса тіпті жақсы емес пе? Әр есті адам өткендегі өміріне көз жүгіртіп, жеткен жетістіктерін қорытындылап жинақтайды, өз-өзіне есеп береді және көкейде жүрген тың идеяларын жүзеге асыруды жоспарлайды. Ал атқарылған істеріңе қарай халық та (елінің елеулісіне) айналған азаматының тұлғалық қасиеттерін мақтап, мадақтап, зор құрметке бөлеп, таза ықылас, ниетін, тілегін білдіреді. Бұл саналы адамзат өміріндегі қарым-қатынас мәдениетінің бір мәнді көрінісі. Осынау дәстүр біздің академиялық ортамызда да қалыптасқан. Оған дәлел осы ағымдағы оқу жылында ҚР Ғылым және білім министрлігі жариялаған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2019» байқауында топ жарған республика ЖОО-ның 200 үздік оқытушысы атанған өзге әріптестерімнің қатарында есімімнің аталғаны мен үшін әрине үлкен жетістік, жеңіс болды. Осы жолда қанша жан тілектес болып, қуанышыма ортақтасып, ыстық ықылас, сезімін білдірді. Мен үшін соңғы бес жыл ішінде атқарылған еңбектерімді жүйелеп, жинақтау, талаптарға сәйкес болу үшін талмай еңбек ету әрине ұжымның қолдауынсыз жүзеге аспайтын іс екені белгілі. Азды көпті, 130 дан астам ғылыми еңбектерім, оның ішінде 3 монография, 4 оқу құралы, бірнеше оқу-әдістемелік құралдары мен алыс-жақын шетелдердің ғылыми басылымдарында жарық көрген мақалаларым бар.

Мен ғылыми-педагогикалық қызметімде қарапайым оқытушылықтан бастап, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі баспалдақтарынан тәжірибе жинап, доцент, профессор дәрежесіне жеттім.

Педагогтық өміріме ширек ғасыр толды. Бастысы адал еңбек етіп, шәкірттерімнің ыстық ықыласына бөлену — кәсіби қызметімнің ұстанымы. Бүгінде өзім еңбек етіп жатқан «Психологиялық-педагогикалық және арнайы білім беру» кафедрасы жанынан «Педагогика және психология» білім бағдарламасы бойынша білім алып жүрген студенттерге «Педагогика», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі», «Педагогика және психология тарихы», «Этнопедагогика» пәндерінен лекция оқып, семинар және практикалық сабақтар жүргіземін. Әр сабағымының соңында шәкірттерім «Анай, сау болыңыз, бүгінгі сабақ өте жақсы өтті!» десе өзіме берілген зор баға деп қабылдаймын. Университеттің өзге де факультеттеріндегі білім беру бағдарламалары бойынша «Жоғары мектеп педагогикасы» пәнінен магистранттарға дәрістер оқимын, практикалық сабақтар мен ұжымдағы әріптестеріммен бірлесе отырып, түрлі ғылыми-практикалық семинар жұмыстарын ұйымдастырып, жүргіземін. Академиялық рухтың негізгі үш құрамасын: ұстаздыққа махаббат, ғылымға деген жауапкершілік пен шәкіртке деген шексіз сүйіспеншілік құрайды деп есептеймін. Жалпы кәсіби тұрғыдан алғанда мен ұстаздықтың бақытын тапқан жанмын.

Дайындаған
Гүлнара Қараша

☑ Ғылым жаңалықтары

☑ Новости науки

☑ Science news

Бүгінде негізгі нормативтік құқықтық актілерді қабылдадық. Атап айтқанда, ғылымды қаржыландыру және мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу ережелері, Ұлттық ғылыми кеңес (ҰҒК) ережесі мен құрамы қайта қаралды.

Ендігі кезекте ғылымды басқару жүйесінде қандай өзгерістер енгізілгенін және алдағы жылы тағы қандай жаңалықтар болатындығы туралы айтқым келеді.

Жалпы, бұл салада әлі де жетілдіруді қажет ететін бірнеше негізгі бағытты көріп отырмын: (1) ҰҒК жұмысын жаңғырту, (2) ғылымды мемлекеттік қаржыландырудың тиімділігін арттыру, (3) мемлекеттен тыс қаржыландыру үшін ғылымның тарымдылығын арттыру, (4) ғылыми кадрларды даярлау сапасын түбегейлі арттыру.



Асхат Аймағамбетов,
ҚР Білім және ғылым министрі

Дәстүр бойынша Жаңа жылдың басы өткен жылды қорытындылап, жаңа міндеттерді іске асыратын уақыт деп есептеймін.

Мен ғылым саласы туралы әдейі көп жазған жоқпын, себебі бұл салада жиналып қалған мәселелер өте күрделі, әрі сан қырлы болғандықтан, қабылданатын шешімдерге де қарама-қайшы пікірлер мен көзқарастар әртүрлі болды.

Сондықтан, министр лауазымына тағайындалған күннен бастап әрбір мәселені жеке-жеке де, басқа мәселелермен өзара байланыстыра отырып та егжей-тегжейлі пысықтадым. Біз осы саладағы өзгерістерді ұзақ талқыладық.

Ғылымды қаржыландыруда түбегейлі өзгерістер болады

Енді әр мәселеге қысқаша тоқталаймын.

1. Ұлттық ғылыми кеңестерден (ҰҒК) бастасам, шын мәнінде, бұл - ғылыми жобаларды қаржыландыру туралы шешім қабылдайтын басты орган. ҰҒК мүшелерін іріктеудің нақты процедурасы болмағандықтан, ғылыми ортада жеке-леген кандидаттарды ҰҒК құрамына енгізудің негізділігі жөнінде үнемі сұрақтар туындап отырды. Бұл ғылыми сараптамаға деген сенімге теріс әсерін тигізді. Бұл жайында біршама күмән да туындады. Қазіргі кезде ҰҒК құрамы жаңартылды.

Сондай-ақ, ҰҒК құрамын қалыптастыру процесі түбегейлі қайта қаралды, оның мүшелеріне қойылатын талаптар да қатанды. Енді, келесі кезең ретінде, ҰҒК құрамын жаңа талаптарға сәйкес толығымен қайта қараймыз.

Бұдан былай кандидаттарды ҰҒК құрамына іріктеген кездегі басты талап — олардың ғылыми жарияланымдарының сапалы болуы. Оны анықтау әдістемесі, біріншіден, өлшеуге, сенуге болатын көрсеткіштерге сүйенуге мүмкіндік берсе, екіншіден, ғылым салаларының жекелеген ерекшеліктері де ескерілді. Кандидатты кеңес құрамына ұсынуға болмайтын жағдайлар нақты бекітілгендіктен, оларды қалыптастыру кезеңінде бастап да туындамайды деп ойлаймын. Түрлі стейкхолдерлердің өкілдігі де реттелген, бұл ғылыми жобаларды жан-жақты қарауды қамтамасыз етеді.

Басқаша айтқанда, бұл халықаралық деректер қорынан ғалымдардың сараланған тізімін жай ғана аламыз да, ең беделді деген ғалымдарды (егер олар өздігінен бас тартпаса және кез келген бір ұйымның басшысы болмаса және т.б.) ҰҒК құра-

мына қосамыз. ҰҒК құрамында ең мықты ғалымдар болуы керек.

Бұдан былай ҰҒК мамандануы тереңдетіледі және әрбір жобаны қарау сапасын арттыруды қамтамасыз ету үшін олардың саны артады.

2. ҰҒК қызметінің ашықтығы. Егер бұрын ҰҒК қаржыландыру туралы шешімдерін жасырын дауыс беру арқылы қабылдаса, енді нақты критерийлері бар және ұлай қойылатын ашық дауыс беру енгізілді. Сонымен қатар кеңес отырыстарының көрсетілімі қамтамасыз етіледі. Бұл — қабылданатын шешімдердің жауапкершілігі мен ашықтығына бірден-бір себеп.

3. Өтінімдерді экономикалық сараптау институты енгізілді. Бұл, біріншіден, сұралып отырған қаржыландырудың негізділігін тексеруге мүмкіндік берсе, екіншіден, ҰҒК-нің өтінімдерді қаржыландыруды өз бетінше қысқартуына шек қояды.

Мысалы, қойылған міндеттерді шешу үшін ғалымдар 50 млн теңге қаражат сұраса, ҰҒК 3 млн-ға дейін қысқартқан жағдайлар болған. Содан соң тақырыптар осы қаражат көлеміне сай ауыстырылып, ақша жұмсалып кеткен, ал нәтижесі жоқ. Сондай-ақ, енді жобаларды дайындаған кезде ғалымдар сүйенетін шекті нормативтер дайындалады. Мысалы, басшысынан бастап зертханашыға дейін және т.б. әрбір позиция бойынша қандай жалақы шегі жоспарлануы мүмкін екендігі ескеріледі.

4. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру нақты ұлттық, ғылыми-техникалық міндеттер негізінде ғана бөлінбек. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында тақырыптар көбінесе, мысалы, «ауыл шаруашылығын дамыту» деген сияқты кеңінен алынып

және ақша да солай бөлінгені құпия емес.

Әрі қарай ғалымдар бір ғана мақсат — қаржы алу үшін «кімнің ойына не келсе» принципі бойынша өздерінің ғылыми зерттеулерін ұсынып келген. Нәтижесінде, бағыт қаржыландырылған сияқты, бірақ нақты нәтижелерді фермерлер сезбеді, сөзсе де, олар жұмсаған шығындарының құнынан да асып кетеді. Нарық жағдайында бұлай жұмыс істеуге болмайды және әлемнің дамыған бірде-бір елі олай жұмыс істемейді.

Ендігі жерде қоғамның және (немесе) нарықтың қазіргі және болжамды қажеттіліктері негізінде нәтиженің нақты индикаторлары бар нақты міндеттер мен тақырыптар болады.

Мысалы, «ауыл шаруашылығын дамыту» деген үлкен тақырыптың орнына нақты міндет ретінде белгілі бір топырақта және климаттық жағдайларда нақты өнім сапасы мен өнім беретін дақылдың сортын шығару көрсетілетін болады. Демек, қаржыландыру қазіргідей бір-бірімен байланыспайтын әрі іс жүзінде пайдасы жоқ көптеген тақырыптардың арасында бөлінбейді, нақты, шын мәнінде көзге көрінетін нәтиже алуға шоғырланатын болады. Ғалымдар енді өз-өздеріне тапсырма ойлап таппайды, басқа ғалымдармен конкурсқа қойылатын міндеттерді шешу тәсілдері, әдістері мен ресурстарының оңтайлылығымен бәсекеге түсетін болады. Осылайша, БНҚ (бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру) жобаларын қаржыландыру еліміз үшін қажетті нақты, өзекті міндеттерді шешетін болады.

5. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында

ғылымды қаржыландыру осы жылы екі есеге артты.

Одан кейінгі жылдарда да ғылымды қаржыландыруды жыл сайын еселеп ұлғайту жоспарланып отыр. Сонымен қатар, біздің ғылыми ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жөндеуге және нығайтуға қаражат бөлінді. Ғылыми инфрақұрылымды ұстау және жаңарту да саланы дамыту үшін маңызды болып табылады.

6. Өте маңызды жаңалық. Енді конкурстар жыл сайын өткізіліп, ал жобаларды іске асыру мерзімі 3 жыл болады. Бұған дейін ғылымға арналған конкурстар 3 жылда бір рет өткізіліп отырды. Сөйкесінше, егер ғалым грант алмаса, келесі конкурс тек 3 жылдан кейін ғана өткізілетіндіктен, көптеген ғалымдар қаржыландыру болмағандықтан, сонша уақыт күтпей, бағыттарын өзгертіп, ғылым саласынан кеткені де құпия емес. Сонымен қатар, 3 жыл ішінде ғылыми тұрғыда сүйемелдеуге тұратын көптеген өзгерістер болды.

7. Цифрландыру. Өтінімдер беруді, қаржыландыру туралы шешім қабылдауды, қорытынды есептерді қабылдауды қоса алғанда, барлық конкурстық рәсімдер бірыңғай цифрлық базада жүзеге асырылатын болады. Бұдан басқа, гранттың немесе бағдарламаның мақсатын, қаржыландыру сомасын, нәтижелерін, бастапқы өтінім мен есептерге өзгерістер енгізудің барлық кезеңдерін көрсете отырып, мемлекет қаржыландыған барлық жобалардың ашық базасы әзірленетін болады. Осылайша, біз ғылымға бөлінетін барлық қаражаттың ашықтығын қамтамасыз етуді қалаймыз.

Facebook парақшасынан алынды, 13 қаңтар, 2020 жыл.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АБАЙ ТУРАЛЫ МАҚАЛАСЫН ЖАРИЯЛАДЫ

«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» тақырыбында жазған мақаласын «Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды», — деп бастаған Мемлекет басшысы өткен жылы Абай шығармаларынан үзінді оқу челленджі халықаралық сипат алғанын, бұл Абайға деген орасан құрмет белгісі екенін айтқан. Әлеуметтік желіден елордалық 9 жасар оқушы қыз Ләйлім-Шырақ Ерланқызы ұлы ақынның «Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек» өлеңін оқып, кезекті Мемлекет басшысына ұсынған болатын. Оқушының ұсынысын жылы қабылдаған Қ.Тоқаев Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқып берді. Осылайша челлендж тізбегі 12 елді қамтыды. 6 мың ролик жазылып, #Абай175 или #Abai175 хэштегімен 10 мыңнан астам еске салу қайталанған болатын. Жазбалар әсіресе Facebook (70,4%), Instagram (15,7%) и ВКонтакте (7%) желілерінде кең тарады.

Мақалада Мемлекет басшысының Абай жайында ойлары «Ұлттық болмыстың үлгісі», «Мемлекет ісінің мүдделесі», «Жаңа қоғамның жанашыры», «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы», «Торқалы тойдың тағылымы» тақырыпшалары арқылы өрілген.

КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ НАПИСАЛ СТАТЬЮ ОБ АБАЕ

Начав статью «Абай и Казахстан в ХХІ веке» словами: «Абай Кунанбаев как мыслитель, поэт, просветитель, основатель новой литературы нации, переводчик, композитор, оставил неизгладимый след в истории страны. В его стихах и словесных словах были отражены бытие, жизнь, мировоззрение, характер, душа, религия, менталитет, язык, дух народа, а затем все это превратилось в уникальное явление — мир Абая», — глава государства отметил, что прошлогодний челлендж на прочтение отрывков произведений Абая прошел на мировом уровне и это, безусловно, большое уважение к личности Абая. Через социальные сети 9-летняя ученица столицы Ляйлим-Шырақ Ерланқызы прочитала наизусть стих «Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек» великого акына и передала эстафету главе государства. Принявший с одобрением предложение школьницы, К.Тоқаев прочитал стихотворение Абая «Ғылым таппай мақтанба». Челлендж охватил 12 стран. Было записано 6 тысяч роликов, с хештегами #Абай175 или #Abai175 они были помечены в 10 тысячах напоминаний. Видеозаписи получили особую популярность на страницах соцсетей на Facebook (70,4%), Instagram (15,7%) и ВКонтакте (7%). В статье освещены мысли главы государства об Абая через подзаголовки «Пример национального бытия», «Заинтересованность в делах государства», «Подвижник нового общества», «Личность мировой культуры», «Важность празднования юбилея».

KASYM-JOMART TOKAYEV WROTE AN ARTICLE ABOUT ABAI

Starting the article «Abai and Kazakhstan in the ХХІ century» with the words: «Abay Kunanbayev as a thinker, poet, educator, founder of the new literature of the nation, translator, composer, left an indelible mark on the history of the country. His poems and words reflected the existence, life, worldview, character, soul, religion, mentality, language, spirit of the people, and then all this turned into a unique phenomenon-the world of Abai», the head of state noted that last year's challenge to read passages of Abai's works was held at the world level and this is, of course, a great respect for the personality of Abai. Through social networks, a 9-year-old schooler of the capital Lyailem-Shirak Erlankyzy recited the verse «Auelde bir suyk muz-akyl zerek» of the great akyn and passed the baton to the head of state. Accepted with appreciation the offer schoolgirls, K. Tokayev read the poem Abai «Gylym tappai maktanba». The challenge covered 12 countries. 6 thousand videos were recorded, with hashtags #Abai175 or #Abai175 they were marked in 10 thousand reminders. Videos have become particularly popular on social media pages on Facebook (70,4%), Instagram (15,7%) and VKontakte (7%)

The article highlights the thoughts of the head of state about Abai through the subheadings «Example of national life», «Interest in the affairs of the state», «Ascetic of the new society», «Personality of world culture», «The importance of celebrating the anniversary».



ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК МҰҒАЛІМІ АҚТАУДА ТҰРАДЫ

Ақтаулық 25 жастағы жас педагог Жігер Телеуханов Англияның Оксфорд қаласында өткен ұстаздар арасындағы халықаралық байқауда «Әлемнің үздік мұғалімі» атанды. Оған сайыстың жеңімпазы ретінде Англияда тегін магистрлік білім алу сертификаты табысталды. Алайда Жігер Телеуханов шетелдік гранттан бас тартып, әрі қарай туған еліне қызмет ете беруге шешім қабылдады. Ұстаздар арасындағы халықаралық байқауға әлемнің 100 елінен мұғалімдер қатысыпты.

Ж.Телеуханов Ақтау қаласындағы «Білім-Инновация» лицейінде химия пәнінен сабақ береді, жоғары білімді әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінен бастап алып, Англия, Франция елдерінде жалғастырған. Ол 7 тілде еркін сөйлейді.

ЛУЧШИЙ ПЕДАГОГ МИРА ЖИВЕТ В АКТАУ

25-летний молодой педагог из Актау Жигер Телеуханов назван «Лучшим учителем мира» по итогам международного конкурса, прошедшего в английском Оксфорде. Как победителю ему вручили сертификат для бесплатного обучения в Англии по программе магистратуры. Но Жигер Телеуханов отказался от иностранного гранта, решив продолжить трудиться во благо родины.

В международном конкурсе педагогов приняли участие учителя из 100 стран мира.

Ж.Телеуханов преподает химию в лицее «Білім-Инновация» города Актау. Получив высшее образование в КазНУ им. Аль-Фараби, продолжил обучение в Англии, Франции. Жигер свободно владеет 7 языками.

THE BEST TEACHER IN THE WORLD LIVES IN AKTAU

Zhiger Teleukhanov, a 25-year-old young teacher from Aktau, was named the «Best teacher in the world» following an international competition held in Oxford, England. As the winner, he was awarded a certificate for free study in England under the master's program. But Zhiger Tuleukhanov refused the foreign grant, deciding to continue to work for the good of the country.

Teachers from 100 countries took part in the international teacher competition.

J.Tuleukhanov teaches chemistry in high school «Bilim-Innovation» of the city of Aktau. Having received higher education in Al-Farabi KazNU, continued his studies in England and France. Zhiger is fluent in 7 languages.

Басты жаңалықтар

Главные новости



АБАЙДЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ШАРАЛАР БАСТАЛДЫ

Жұбанов университетінде Абайдың 175 жыл мерейтойына орай іс-шаралар басталды. Оқу орнының «Абайтану және ұлттық руханият» орталығы ұйымдастырған дөңгелек үстелде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы талқыланды. Шараға аймақтың зиялы қауым өкілдері, оқытушылар мен білім алушылар қатысты. Мақала бойынша өз пікірін ортаға салған университеттің ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры Рахым Бекназаров Абайдың мерейтойына арналған шаралардың бірқатары өткен жылы өткендігін айтты. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында «Жұбановтан — Абайға» атты экспедиция ұйымдастырылып, Ақтөбе — Нұр-Сұлтан — Павлодар — Семей — Жидебай — Баянауыл — Қарқаралы — Қарағанды бағытындағы киелі жерлерді аралады. «Жұбанов керуені» мегажобасы барысында 12 ауданның мектеп кітапханаларына университет ректоры, профессор, абайтанушы Бауыржан Ердембековтің 500 дана «Абайтану» кітабы табысталды. Ендігі жоспарымыз Абайдың әкесі Құнанбай мен Досжан ишан арасындағы байланыс және Абайдың үшінші атасы Ырғызбайдың біздің Ырғыз жерінде туғаны туралы жаңа деректер жинау, Семейдегі Абай мұражайы экспонаттарын университетке әкелуге арнайы шақырту ұйымдастыру», — деді ол.

СТАРТОВАЛИ МЕРОПРИЯТИЯ К ЮБИЛЕЮ АБАЯ

В университете Жубанова стартовали мероприятия к 175-летию Абая. В ходе круглого стола, организованного центром «Абаеведение и национальная духовность» учебного заведения, обсудили статью главы государства Касым-Жомарта Токаева «Абай и Казахстан в ХХІ веке». В мероприятии приняли участие представители интеллигенции области, преподаватели и обучающиеся. Поделившийся своими видениями о статье, проректор по науке и инновациям Рахым

Бекназаров рассказал о прошедших в прошлом году мероприятиях к юбилею Абая. «В рамках проекта «Сакральная география Казахстана» была организована экспедиция «От Жубанова к Абаю», направившаяся по маршруту Актобе — Нур-Султан — Павлодар — Семей — Жидебай — Баянауыл — Каркаралы — Караганда. В ходе мегапроекта «Жұбанов керуені» школьным библиотекам 12 районов региона были переданы 500 экземпляров книги ректора университета, профессора, абаевода Бауыржана Ердембекова «Абайтану». В ближайших целях изучение связи между отцом Абая Кунанбая и Досжан ишаном, а также сбор новых данных о третьем дедушке Абая Ырғызбае, который родом из Ирғизского района, организация в университете выставки экспонатов музея Абая в Семей», — сказал он.

EVENTS STARTED FOR THE ANNIVERSARY OF ABAI


Events for Abai's 175th birthday have started at Zhubanov University. During the round table organized by the center "Abai studies and national spirituality" of the educational institution, the article of the head of state Kasym-Jomart Tokayev "Abai and Kazakhstan in the XXI century" was discussed. The event was attended by representatives of the region's intelligentsia, teachers and students. Rakhim Beknazarov, Vice-rector for science and innovation, shared his views on the article and spoke about the events held last year to mark Abai's anniversary. "As part of the project "Sacred geography of Kazakhstan", an expedition was organized "From Zhubanov to Abai", which went along the route Aktoke-Nur-Sultan — Pavlodar-Semei — Zhidebay-Bayanaul — Karkaraly — Karaganda. During the mega-project "Zhubanov kerueni", 500 copies of the book "Abaitanu" by the rector of the University, Professor, Bauyrzhan Yerdembekov were given to school libraries in 12 districts of the region. In the near future, the study of the relationship between Abai Kunanbaev's father and Doszhan Ishan, as well as the collection of new data about the third grandfather of Abai Yrgyzbai, who hails from the Irgiz district, the organization of an exhibition of exhibits of the Abai Museum in Semey at the University," he said.

ҰБТ-НЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІ ӨТКІЗІЛДІ

Ақтөбе облысының талапкерлері үшін ҰБТ-ның бірінші кезеңі — 17-20 қаңтар аралығында Жұбанов университеті базасында өткізілді. Оған 830 талапкер қатысты. Өткен жылдан бастап гранттар жеке мамандықтарға емес, білім беру бағдарламаларына бөлінетін болды. Барлығы 97 бағдарламалық топ бар, тізімі ҰТО сайтында берілген. Сондай-ақ ҰБТ-ны жыл бойына 4 рет тапсыру мүмкіндігі енгізілді. Жоғары оқу орнына ақылы түрде түскісі келетіндер қаңтар, наурыз, маусым және тамыз айында тест тапсыра алады. ҰБТ тапсырған сайын пәнді өзгертіп тұруға да болады. Тек 20 маусым мен 5 шілде аралығында ҰБТ тапсырып, шекті балл алған талапкерлер ғана мемлекеттік білім беру гранттары байқауына қатыса алады. Сондай-ақ «Педагогика ғылымдары» бағыты бойынша балл шегі 60-қа дейін көтерілді. ТЖКО түлектері ҰБТ тапсырмай-ақ, жоғары оқу орнына ақылы түрде түсіп, оқуларын қысқарған бағдарлама арқылы жалғастыра алады. Оқуға қабылдану үшін бар болғаны ЖОО сынағынан өтуі керек. Бейінді пәндер комбинациясы өзгерген жоқ. Кешенді тест пен ҰБТ бірікті.

ПРОШЕЛ ПЕРВЫЙ ЭТАП ЕНТ

Для актюбинских выпускников первый этап ЕНТ проходил с 17 по 20 января на базе университета Жубанова. В нем приняли участие 830 будущих абитуриентов. С прошлого года гранты стали выдаваться не на от-



дельные специальности, а образовательные программы. Всего 97 программных групп, все опубликованы на сайте НЦТ. Также введена возможность сдачи ЕНТ 4 раза в течение года. Желающие поступать в высшее учебное заведение на платное отделение могут пройти тестирование в январе, марте, июне и августе. Можно также менять профильный предмет каждую сдачу экзамена. А вот принять участие в конкурсе на предоставление государственного образовательного гранта смогут прошедшие в ходе тестирования с 20 июня по 5 августа пороговый балл. Его, кстати, подняли до 60-ти для направления «Педагогические науки».

Выпускники ТИПО могут не сдавая ЕНТ поступить на платное отделение в ВУЗ и продолжить обучение по сокращенной программе. Для поступления им необходимо будет лишь пройти экзамен в ВУЗе. Комбинации профильных предметов не изменились. Комплексное тестирование и ЕНТ объединили.

PASSED THE FIRST STAGE OF THE UNT

For Aktoke graduates, the first stage of the UNT was held from 17 to 20 January at the University of Zhubanov. It was attended by 830 future applicants. Since last year, grants have been issued not for individual specialties, but for educational programs. There are 97 program groups in total, all published on the NTC website. It is also possible to pass the UNT 4 times a year. Those who want to enter a higher education institution for a paid Department can be tested in January, March, June and August. You can also change the profile subject each time you pass the exam. But to take part in the competition for the provision of an educational grant will be able to pass the test from June 20 to August 5 threshold score. By the way, it was raised to 60 for the direction of "Pedagogical Sciences".

TIPO graduates can enter the paid Department of the UNIVERSITY without passing the UNT and continue their studies under the reduced program. For admission, they will only need to pass an exam at the University.

Combinations of profile items have not changed. Complex testing and UNT combined.

✓ Main news



ӨНІРЛІК ДАМУДЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУҒА АРНАЛҒАН СЕМИНАР

«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы білім, медицина, экология, туризм, жол және тұрғын үй құрылысы секілді салаларды заманауи технологияларды қолдана отырып дамыту бойынша жобаларды жүзеге асырмақ. Бұл іске еліміздегі ірі ұлттық консалтингтік компания – «CSI» стратегиялық бастамалар орталығы қолдау көрсетпек. «CSI»-дің өткізген екі күндік семинарына 100-ден астам адам қатысты. Қатарларында қоғам қайраткерлері, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, кәсіпкерлер, дәрігерлер, мұғалімдер бар топ 9 командаға бөлініп, ой-пікірлерін талқыға салды. Семинар жұмысына облыс әкімі Оңдасын Оразалин қатысып, сөз сөйледі. «Біз бір жұдырық болып жұмылсақ, барлық міндеттерді орындаймыз. Бастамаларымызды қолдайтын, трансформацияға дайын, ниеттес жандар бар кезде ғана жоғары көрсеткіштерге қол жеткіземіз. Бұл қарапайым міндеттер және біз оларды орындай аламыз. Бәріміз өңір халқының лайықты өмір сүргенін қалаймыз», — деді өңір басшысы.

«Әкімнің жұмыс сапарлары және халықпен кездесулерінің қорытындысы бойынша өңірді басқарудың жаңаша тәсілдерін қолдану қажеттілігі туды. Аймаққа трансформация, яғни түбегейлі өзгеріс қажет. Бұл — қазіргі проблемаларға қатынастың өзгеруі, сол проблемаларға адамдардың бейімделуі, түрлі салалардың көшбасшыларын іздеу. Трансформация жобасын бастаудың басты себептері — осы», — деп ой түйіндеді «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының басқарма төрағасы Ермек Имантаев. Оның айтуынша трансформация жобасы аяқталған соң «Ақтөбе-ХАБ» өңірлік орталығын құрылады. Ол үлкен бастамалар жүзеге асатын алаңға айналады. Алда әр саланы трансформациялауда әлемнің озық үлгілерін қолдана отырып, нық сеніммен ілгерілеу мақсаты тұр. Айта кетейік, Ақтөбе облысын трансформациялау жобасына Жұбанов университетінің өкілдері де қатысуда.

СЕМИНАР ПО ТРАНСФОРМАЦИИ РАЗВИТИЯ РЕГИОНА

Социально-предпринимательская корпорация «Ақтөбе» намерена реализовывать проекты с применением современных техно-

логий в сферах образования, медицины, экологии, туризма, строительства дорог и жилья. Поддержку начинаниям актюбинцев окажет крупная консалтинговая компания страны — центр стратегических инициатив «CSI». Последний и провел двухдневный семинар, в котором приняли участие более 100 специалистов. Они поделились своими идеями, работая в 9 группах из числа общественных деятелей, сотрудников государственных учреждений, предпринимателей, врачей, педагогов. В работе семинара принял участие и аким области Ондасын Уразалин. «Если мы объединим силы, сможем реализовать многие цели. Высоких показателей можно добиться лишь при содействии личностей, поддерживающих начинания, готовых к трансформации. Это простые задачи и мы их обязательно выполним. Ведь мы желаем улучшения качества жизни населения региона», — сказал О. Уразалин.



«По итогам встреч акима с населением и выездных рабочих визитов в районы стало ясно — необходимо принять новые меры по руководству региона. Области нужна трансформация, координатные изменения. Мы должны добиться изменения отношения к текущим проблемам, адаптация людей к этим проблемам, поиск лидеров в разных сферах. Это и есть причины старта проекта трансформации», — подытожил председательствующий социально-предпринимательской корпорации «Ақтөбе» Ермек Имантаев. По его словам, после окончания проекта трансформации, будет запущен региональный центр

«Ақтөбе-ХАБ». Он станет площадкой для реализации больших инициатив. Цель на сегодня — трансформация каждой отрасли с использованием передовых мировых опытов, которая приведет к общему прогрессу. Отметим, в проекте трансформации Актюбинской области принимают участие и представители университета Жубанова.

SEMINAR ON THE TRANSFORMATION OF THE REGION'S DEVELOPMENT

Social and entrepreneurial corporation «Aktobe» intends to implement projects with the use of modern technologies in the fields of education, medicine, ecology, tourism, road construction and housing. Support for the initiatives of Aktobe residents will be provided by a large consulting company of the country — the center for strategic initiatives «CSI». The latter held a two-day seminar, which was attended by more than 100 specialists. They shared their ideas, working in 9 groups of public figures, employees of state institutions, entrepreneurs, doctors, and teachers. Akim of the region Ondasyn Urazalin also took part in the seminar. «If we join forces, we can achieve many goals. High performance can be achieved only with the assistance of individuals who support the initiatives and are ready for transformation. These are simple tasks and we will do them. After all, we want to improve the quality of life of the region's population,» said Ondasyn Urazalin.

«As a result of the mayor's meetings with the population and field visits to the districts, it became clear that new measures should be taken for the region's leadership. The region needs transformation-co-ordinal changes. We must achieve a change in attitude to current problems, adapt people to these problems,

and find leaders in different areas. This is the reason for the start of the transformation project», — summed up the Chairman of the Board of the social and entrepreneurial Corporation «Aktobe» Yermek Imantayev. According to him, after the end of the transformation project, the regional center «Aktobe-HUB» will be launched. It will become a platform for implementing big initiatives. The goal today is to transform each industry using the world's best practices, which will lead to overall progress. It should be noted that representatives of Zhubanov University are also taking part in the project of transformation of the Aktobe region.

☑ Студенттік өмір

☑ Студенческая жизнь

☑ Students life

Для нас они прежде всего дети



МНЕ НРАВЯТСЯ КУРАТОРСКИЕ ЧАСЫ

Куратор академической группы должен быть хорошим воспитателем. А для воспитания необходимо ему, чтобы было чем делиться. Глубокое знание, широкий кругозор, начитанность и информированность куратора залог успешного взаимоотношения его со студентами группы. Старший преподаватель кафедры «Автомобильный транспорт и организация дорожного движения» университета Жубанова Нурлан Кантарбаев в течение семи лет занимается кураторством. У него два высших образования: юрист и инженер-механик, большой опыт службы в органах внутренних дел. В сферу образования пришел в сентябре 2007 года. Имеет ученую степень магистра, ведёт спецдисциплины «Правила и безопасность дорожного движения», «Спецавтомобили», «Экспертиза ДТП». Отец троих детей. О своем опыте как стать достойным помощником и надежным другом, как заработать неподдельный авторитет в сознании академической группы куратор Кантарбаев охотно поделился с нами.

— Нурлан Акимжанович, Вы — куратор. Кураторство в современном студенчестве — дело неблагодарное. Как Вы справляетесь?

— Да, Вы совершенно правы. Кураторская работа с современными студентами — дело непростое. Ведь многие молодые люди малоактивны, не проявляют инициативы, нет задора. В первую очередь, после знакомства со студентами группы я изучаю каждого, его склонности, хобби. По возможности, знакомлюсь с родителями и их семейным укладом и т.д. Стараюсь привлечь к общественной работе и дать поручение. Молодой человек должен быть озадачен, чувствовать ответственность.

— Говорят, что желание стать куратором возникает далеко не у каждого педагога. Это, скорее, призвание. Вы разделяете такое мнение?

— И да, и нет. Как педагоги, вне зависимости от желания, мы обязаны воспитывать нынешнюю молодежь в духе казахстанского патриотизма. Именно это наша работа — миссия нашего ВУЗа. Я думаю, что общественные интересы должны быть выше желания. Здесь не должно быть хочу или не хочу. Коль ты педагог, старайся, ищи и не сдавайся. Опыт по работе с подрастающим поколением приходит с годами.

— Студенты считают себя взрослыми людьми, поэтому им обязательно нужно дать шанс самостоятельно решать свои проблемы. Из опыта, расскажите, как делаете — сами первым вмешиваетесь или ждете пока студент обратится за помощью?

— Сегодняшние студенты — это вчерашние школьники. Для нас они прежде всего дети. Конечно, как только услышав о возникновении каких-либо проблем, я по отношению к любому студенту, не дожидаясь их обращения, вмешиваюсь для решения. Например, я как-то услышал, что студенты других факультетов нашего ВУЗа желают учиться на водительских курсах и полу-

чить водительские документы, но как осуществить эту процедуру не знают. Выход нашел сразу: организовал приемную для желающих обучаться, объяснил порядок и направил в лучшую автошколу города. Через определенное время 15 студентов, имея при себе водительские права, пришли ко мне сказать спасибо.

— У Вас есть опыт в комсомольско-партийной работе при СССР. Эти навыки помогают Вам в общении с молодежью?

— Несомненно. Комсомольско-партийная работа при СССР — это большая школа жизни! Навыки и полученный опыт работы очень помогают мне в общении с молодежью. Ведь я в прошлом работал первым секретарем райкома ЛКСМ Казахстана. Многие видные деятели выросли оттуда...

— Закон «О статусе педагога» как тема кураторского часа будет интересна студентам?

— Честно сказать, пока затрудняюсь. Думаю, Закон о «Статусе педагога» сначала должен стать обсуждением в педагогической среде системы образования. Сразу переносить этот вопрос на обсуждение студентам рановато.

Узнав о принятии ожидаемого и востребованного обществом Закона «О статусе педагога», как представитель кадрового корпуса системы образования в преддверии Нового года встретил в приподнятом настроении.

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев подписал долгожданный документ. Почему вопрос статуса педагога столь важен? Учитель, педагог является главной фигурой всей системы образования как нашей страны, так и мира в целом. Не подняя статус учителя, невозможно достичь серьезных целей, заменяя даже новыми технологиями, методиками, подходами или моделями.

Без фигуры учителя неэффективен главный динамический процесс жизни человечества — его постоянное обновление и на основе прошлого и настоящего,

неудержимое стремление вперед. И эту живую связь времен во многом обеспечивают человечеству именно учителя, педагоги, в чем можно сказать их главное и очень высокое предназначение. Чтобы поддержать их благородный труд и обеспечить ему максимальную эффективность, должны вернуть педагогом огромное уважение, обеспечить профессии учителя высочайший престиж и статус. Это должно стать глубочайшим убеждением нашего общества и государства, неизменным на дальнейшую перспективу.

Образование с первых дней Независимости находилось в зоне особого внимания Первого Президента Республики Казахстан — Елбасы Нурсултана Назарбаева. Оно было одним из ключевых пунктов его стратегии развития страны, самые серьезные задачи по его модернизации фигурировали в каждом Послании народу Казахстана. Красной нитью стала убежденность в том, что только высокообразованная нация может быть конкурентоспособной.

Фактор личного участия в процессе к решению принципиальных вопросов статуса педагога Главы государства консолидировал заинтересованные стороны, настроил всех на конструктивную работу. К тому же у Президента в ходе встреч со специалистами и населением регионов была возможность глубже ознакомиться с общественным мнением по самому полному спектру вопросов.

Знаковым событием стала встреча Касым-Жомарта Токаева с участниками президентского молодежного кадрового резерва. Он сказал, что именно молодежь образованная, трудолюбивая, патриотичная — является главной движущей силой прогресса и устойчивого развития нашей страны.

Такая политика позволит привлечь в систему образования талантливую молодежь, постепенно и существенно омолодит эту сферу, всемерно содействовать формированию качественного кадрового резерва.

Сейчас же главное — обеспечить все возможности его практической реализации. Большая ответственность здесь ложится на нас, педагогов, как первичной организации. Дан новый импульс, педагоги получают новые права и возможности. И совершенно справедливо, что требования к самим педагогом, их ответственность и вклад в развитие страны будут повышаться.

Беседу вела
Айгерке СУЛТАНБЕКОВА

Учеба в ВУЗе отличается от школьной системы тем, что здесь ведутся лекции, практические занятия по различным дисциплинам, проводится самостоятельная работа студента и преподавателя, также многое другое. Самой запоминающейся была первая встреча и знакомство с куратором группы, которым является Кантарбаев Нурлан Акимжанович. Он ознакомил студентов нашей группы ТТТр-1 (специальность «Транспорт, транспортная техника и технологии») с Правилами внутреннего распорядка АРГУ им.К. Жубанова, Кодексом чести студентов и преподавателя и др. Избрав старосту группы, утвердив проект плана воспитательной работы на первое полугодие 2019/2020 года мы начали обучение на техническом факультете. Студенческая жизнь, на мой взгляд, интересна и насыщена. В Университете проводится много различных мероприятий в рамках программы «Рухани жаңғыру», как студенты мы активно участвуем на них.

Самое главное мне нравится проведение кураторских часов, где обсуждаются результаты нашего обучения, итоги рубежного контроля, подготовка к зимней экзаменационной сессии, и т.д.

Наш куратор говорил: «Вы еще пока не студенты!» Студент тогда будет студентом, когда сдаст сессию т.е «Сессию сдал - студентом стал!» Поэтому, мы всей группой ответственно отнеслись к подготовке и сдаче зимней сессии, группа ТТр-1 прошла без задолженностей.

Начался второй семестр 2019/2020 уч.года, составлен план воспитательной работы на второе полугодие, надеюсь что наша группа и дальше будет хорошо учиться и активно участвовать в общественной жизни университета.

Венера Саитова
староста группы
ТТТр-1
университета
Жубанова

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПРЕЗИДЕНТТІҢ КАДР РЕЗЕРВІНЕ ЕНГЕН ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

«Алдағы кезеңде ХХІ ғасырдың табысты мемлекетін құруға дайын кәсіпкерлерді, ғалымдарды, мәдениет қайраткерлерін, инноваторлар мен өзге де талантты жас адамдарды жан-жақты қолдайтын боламыз. Бізге түрлі салада жауапкершіліктен, стандарттан тыс әрі тиімді шешімдер қабылдаудан қорықпайтын жаңа көзқарасты басқарушылардың командасы қажет. Дәл сондай адамдар еліміз қажет етіп отырған нәтижелерді беруге қабілетті», - деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президенттің кадр резервіне енген жастармен кездесуінде. Ол сондай-ақ осы басқосу арқылы еліміздің барша жастарына үндеу жолдап, «Жаңғыру процесі менің ішкі саяси бағытымның негізгі басымдықтарының бірі саналады. Кадр резервін жасақтау жұмысы осымен бітіп қалмайды. Ол жалғасатын болады», - деп атап өтті. Қ.Тоқаев кездесу барысында резервке өткен 55 жастың жаңа қызметке бекітілуімен құттықтады. Олардың арасында Жұбанов университетінің түлектері де бар. 28 қаңтарда Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасының басшысы болып Айбек Көпенов, Ақтөбе облысы экономика және бюджетті жоспарлау басқарма басшысының орынбасары болып Адайбек Есенаманов тағайындалды. Биыл резервтегі тағы 100 адамды қызметке тағайындау жоспарланып отыр. Президенттің кадрлық резервінің алғашқы тізіміне барлығы 300 адам іріктелген болатын.

Жастар кадр резервіне жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жұмыс етілі бар қыз-жігіттер қатыса алады. Үміткерлердің мемлекеттік қызметте еңбек етуі міндетті емес. Кадр резерві іріктеуіне қатысу үшін pkrezerv.kz сайтында тіркелу қажет.

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ВСТРЕТИЛСЯ С МОЛОДЕЖЬЮ ИЗ ПРЕЗИДЕНТСКОГО КАДРОВОГО РЕЗЕРВА

«В будущем мы будем всесторонне поддерживать молодежь, готовую своим успехом в предпринимательстве, науке, культуре, инновациях и других сферах развивать и строить государство, соответствующее амбициям ХХІ века. Нам нужна команда перспективных лидеров, которые не боятся выходить за рамки стандартов и предлагают новые подходы. Именно такие люди способны дать результаты, необходимые нашей стране», - сказал глава государства Касым-Жомарт Токаев на встрече с представителями Президентского молодежного кадрового резерва. Он также обратился к молодежи всей страны: «Процесс модернизации — один из основополагающих моего политического курса. На этом формирование кадрового резерва не закончится. Мы продолжим работу». К. Токаев в ходе встречи поздравил с назначением 55 молодых резервистов. Есть среди них и выпускники университета Жубанова. 28 января назначены руководителем управления внутренней политики Актюбинской области Айбек Купенов и заместителем руководителя управления экономики и бюджетного планирования Актюбинской области Адайбек Есенаманов.

В этом году по плану еще 100 человек получают заветные должности. К слову, в первый список Президентского кадрового резерва отобрали 300 казахстанцев.



Быть зачисленным в резерв могут девушки и парни в возрасте до 35 лет, имеющие трудовой стаж 5 лет. Причем необязательно, чтобы они работали в государственной службе. Для участия в отборочном этапе в кадровый резерв необходимо зарегистрироваться на сайте pkrezerv.kz.

THE HEAD OF STATE MET WITH YOUTH FROM THE PRESIDENTIAL PERSONNEL RESERVE

"In the future, we will fully support young people who are ready to develop and build a state that meets the ambitions of the XXI century with their success in entrepreneurship, science, culture, innovation and other areas. We need a team of promising leaders who are not afraid to go beyond the standards and offer new approaches. Such people are able to give the results that our country needs," head of state Kassym-Jomart Tokayev said at a meeting with representatives of the Presidential youth personnel reserve. He also addressed the youth of the entire country: "The process of modernization is one of the fundamental principles of my political course. This will not end the formation of the personnel reserve. We will continue to work." During the meeting, K. Tokayev congratulated 55 young reservists on their appointment. There are also graduates of Zhubanov University among them. On January 28, they were appointed head of the Department of internal policy of the Aktobe region Aibek Kupenov and Deputy head of the Department of economy and budget planning of the Aktobe region Adaiybek Esenamanov.

This year, according to the plan, another 100 people will receive the coveted positions. By the way, 300 Kazakhstanis were selected for the first list of the Presidential personnel reserve.

Girls and boys under the age of 35 who have 5 years of work experience can be enrolled in the reserve. And it is not necessary that they work in the public service. To participate in the selection stage for the personnel reserve, you must register on the website pkrezerv.kz.

**Интернет материалдары бойынша
басты жаңалықтарды дайындаған
Айерке СҰЛТАНБЕКҚЫЗЫ**



Жұбанов университетіне 85 жыл Университету Жубанова 85 лет Zhubanov University 85 years



Ерлі-зайыпты тарихшы-ғалымдар Дәулет пен Бибігүл Әбеновтер өздері қызмет ететін Жұбанов университетінің ғылыми кітапханасына 85 ғылыми туынды тапсырды. Ғалымдар бұл өнегелі істерін университеттің алдағы 85 жылдық тойына тартуымыз деп түсіндірді. Кітаптардың арасында Б.Қаратаевтың «Обзор материалов по истории колонизации казахского края в связи с восстаниями казахов Оренбургского края в 1869 году и в начале 1870-годов» атты орыс тіліндегі сирек еңбегі бар. Оны құрастырушы Бибігүл Әбенова бұл еңбектің баспаға дайындалу барысы жайлы «2005 жылы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» байқауында жеңімпаз атанып,

Сыйлық - 85 кітап

грант алған кездегі басты мақсатым — осы кітапты жарыққа шығару еді. Алматы қаласындағы Орталық кітапхананың «Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар» қорында сақталып келген, бұрын-соңды баспадан шықпаған, Әбілхайыр ханның ұрпағы — Бақытжан Қаратаевтың қолжазба жұмыстарының негізінде деректерді өңдеп, оны қалпына келтіруге көп күш салдым. Қолжазбаны сол кездегі Ақтөбе қаласының тұрғыны, Б.Қаратаевтың

жары 1934 жылы орталықтың қорына тапсырған екен. Орынбор мұрағатында жұмыс істеуге әркімнің мүмкіндігі бола бермейді, енді кез-келген ізденуші бұл ақпаратқа қол жеткізе алады. Кітап аймақтың тарихына байланысты кейбір деректерді нақтылауға септігін тигізбек», - деді.

Тарту-еңбектердің ішінде көпшіліктің қолына түсе бермейтін

«Ресей империясының қазақ жерін отарлау тарихы», «Ресей империясының Орынбор өлкесіндегі аймақтық саясаты, «1868 жылғы Әкімшілік реформаның Орынбор өлкесінде енгізілуі» атты монографиялар, «История Казахстана в до-революционных изданиях», «История Западного Казахстана в трудах русских исследователей» атты жинақтар да бар.

Жұбанов университетінің Ғылыми кітапханасының директоры Лия Мазылбекованың айтуынша қорды толықтырған кітаптардан көрме жасалған. Онымен ЖОО студенттері мен магистранттары танысуда. «Кітапхананың жалпы қоры 1640473 дана. Соның ішінде 506 дана кітап сирек кітаптар қорын құрайды. Сирек кітаптардың ең көнесі 1888 жылы жарық көрген туынды. Ағылшын тілінде. Ал қазақ тіліндегі кітаптардың ішіндегі ескісі, биыл туғанына 175 жыл толатын кемеңгер ақын Абай Құнанбаевтың 1945 жылы басылған «Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» атты өлеңдер жинағы сақталған. Кітапхана қоры жайлы толық ақпаратпен library.arsu.kz сайтынан да танысуға болады», - дейді директор.

Осыған дейін университетке профессор Амангелді Айталы жеке кітапханасынан 1648 кітап тапсырып, үлкен сый жасаған екен.



Гүлнара Қараша

☑ Жоба Асып ана ☑ Проект Дорогая мама

☑ Project Precious MOM



Анам мен үшін ең мінсіз жан

Мен 7-классымнан бастап Алматы қаласындағы республикалық физика-математика мектебінде оқыдым, ауылға каникулда ғана келетінмін. Сағынып келгесін, анамның жанынан ұзағым келмейді. Кешке қолы босап, тыныға қалса анам өмір тарихынан әңгіме қозғайды. Айтқандары әлі есімде. Басына түскен қиындықтарды қалай жеңе білгені туралы, адам алдына нақты мақсаттар қоюы керек, сонда ғана оларға жету жолдары айқын болады деген салмақты әңгімелер болатын. Қазір ойласам, білім-ілім қуып, бауырынан ерте жырақтаған жауқазын қызын, мені, қайрағаны екені.

Анам – Айтжанова Клара 11 балаға өмір сыйлаған, әлпештеп-бағып, өсірген батыр ана. Байғанин ауданындағы Жаңатау ауылының тумасы. 14 жоғары саңатты химия пәнінің мұғалімі.

Біз Абай совхозында тұрдық. Жолшыбай Оймауытқа бара жатқан көліктер ауа-райы бұзылса біздің үйге келіп тоқтайтын еді. Қонақ бөлме қонақтан арылмайтын.

Бала кезде мән бере қоймайсың ғой, сонда анам бәріне қалай үлгерді екен?.. Үй шаруасы толық анамның мойнында болатын. Оған қоса мектептегі жұмысы бар. Қыздарына буыны қатайғанша ешнәрсе істеттірмейтін. Өсе келе үйретті ғой, сиыр сауу, май алу, ірімшік жасауды. Жалпы үйретеді, бірақ үй шаруасын әрқайсымызға бөліп беретін. «Келін болғандарында осының бәрі қажет болады, адам есінде қолымен істеп үйренген ісі жақсы сақталады» деп айтқан сөздері жадымда жатталып қалды.

Әкем мектеп директоры болды, түскі үзіліске келгенде асын ішкеннен соң, жарты сағаттай мызғып алатын. Сонда анам бізді шулаттырмайтын. «Өкелерің демалып жатыр, тыныш!» десе болды, үн-түнсіз қалатынбыз. Сөйтіп, отбасындағы әке қадірін ұғындырып отырды.

Мен үшін анам өмірдегі ең мінсіз жан. Оның айтқан ақыл-кеңестері күні бүгінге дейін құнды. 4-курста педпрактикамды Жем орта мектебінде өткіздім. Жаратылыстану бағыты бойынша ашық сабаққа дайындалдым. Сабақ өткеннен кейін, анам оны маман ретінде жоғары талаппен талдады. «Мұғалім болу оңай емес. Қатал айтсам, ренжіме, қызым. Мен айтпасам, кім айтады, саған. Бұдан былай сабағыңа мұқият бол, тыңғылықты дайындал, ұстаздың қателесуге қақысы жоқ», - деген сөздерін осы күнге дейін сабаққа дайындалғанда есіме жиі аламын.

Бүгінде 11-іміз де жоғары білімді, қызметте абыройлы, бір-бір шаңырақ иелеріміз. Анамның жасы қазір 70-те. Мейірім-шапағатына немерелерімен жарысып, әлі тоймаймыз. Анама зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін.

Алтыншаш Бекбаева
Жұбанов университетінің
физика-математика факультетінің деканы, физика-математика
ғылымдарының кандидаты, доцент

☑ Қазақстан заңдары

☑ Законы Казахстана

☑ Laws of Kazakhstan

В преддверии нового года Президентом Касым-Жомарт Токаевым подписан Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования уголовного, уголовно-процессуального законодательства и усиления защиты прав личности». Изменения вступили в законную силу 11 января 2020 года.

По Уголовному кодексу хотелось бы начать с того, что в статье 3 добавлено разъяснение понятию «официального документа». Прежде всего, это коснется вопросов подделки медицинских документов и справок. Раньше, много таких уголовных дел прекращалось, так как они не относились к официальным документам.

За совершение транспортных преступлений повлекших гибель двух и более лиц, а также вождение в состоянии опьянения без прав (ч. 4 ст. 345-1 УК «Нарушение правил дорожного движения лицами, управляющими транспортными средствами в состоянии опьянения повлекшее по неосторожности смерть двух или более лиц» (новая редакция) и ст. 346 УК – «Управление транспортным средством лицом, лишенным права управления транспортными средствами, находящимся в состоянии опьянения») помимо основного наказания, будут пожизненно лишаться права управлять транспортным средством.

Согласно данным, по ст. 346 УК ежегодно направляется в суды 2,5 тысячи дел (2015 г.-2335, 2016 г.-2667, 2017 г.-2722, 2018 г.-2737, 2019 г.-2320).

Изменен порядок прекращения коррупционных преступлений за деятельным раскаянием. За последние 5 лет на досудебной стадии за деятельным раскаянием прекращено 634 дела (2015 г.-197, 2016 г.-195, 2017 г.-96, 2018 г.-111, 2019 г.-135). Если раньше такое процессуальное решение мог принять следователь, то в настоящее время это прерогатива исключительно суда.

Также пересмотрен порядок примирения сторон.


Если лицо примирилось с потерпевшим, но в течение срока давности привлечения к уголовной ответственности, вновь совершает умышленное преступление, то повторно примириться уже не получится.

Если заглянуть в статистику, то с 2015 года 30 715 лиц неоднократно освобождались от уголовной ответственности за примирением с потерпевшими.

Кроме того, данным Законом, ужесточена ответственность за ряд преступлений, в особенности за преступления в отношении малолетних детей.

Согласно принятым поправкам, за совершение изнасилования или насильственных действий сексуального характера в отношении малолетнего ребенка предусмотрена ответственность до 20 лет или пожизненное лишение свободы. Аналогичное наказание предусмотрено и за убийство малолетних детей. Важно отметить, что принятыми поправками усиливается ответственность за фальсификацию доказательств по фактам полового насилия над детьми, а также за укрывательство и недонесение о них.

Изнасилование и насильственные действия сексуального характера переведены из категории преступлений средней тяжести, максимальное наказание по которым не превышает пяти лет заключения, в категорию тяжких преступлений (с нака-



ЗА ПОДДЕЛКУ МЕДДОКУМЕНТОВ И СПРАВОК НАКАЖУТ УГОЛОВНОЙ СТАТЬЕЙ



занием в виде лишения свободы на срок от пяти до восьми лет) без возможности примирения.

Кроме того, усиливается ответственность за совершение краж, грабежей и разбоев, совершенных с проникновением в помещение, хранилище либо транспортное средство. Они также переведены в разряд тяжких преступлений.

Незаконная охота и незаконная рыбная ловля переведены из уголовных проступков в категорию преступлений средней тяжести. За них предусмотрено до четырех лет лишения свободы и (или) штраф до 10 миллионов тенге. Ужесточается ответственность за отягчающие составы браконьерства и за применение насилия, а также посягательство на жизнь государственного инспектора по охране животного мира.

Также введена статья о пропаганде и незаконной рекламе наркотиков (ст. 299-1 УК), предусматривающая лишение свободы на срок до шести лет. Кроме того, в статьях, предусматривающих ответственность за незаконный оборот (ст. 297 УК) и склонение к употреблению наркотиков (ст. 299 УК), введены новые квалифицирующие признаки - «использование электронных информационных ресурсов» и «в общественных местах».

Необходимо отметить, что оборот наркотиков посредством Интернета, в ночных клубах, кафе, парках будет наказываться лишением свободы до 15 лет, а реализация аналогичным способом наркотиков несовершеннолетнему и вовсе пожизненным лишением свободы.

По Уголовно-процессуальному кодексу, истязание, не повлекшее средний или тяжкий вред здоровью, переводится из категории частного обвинения в частно – публичное (ст. 32 УПК). Для прекращения дела за смертью лица, помимо мнения законных представителей, также будет необходимо истребовать согласие от супруга или близкого родственника, или опекуна.

Для исключения различного толкования прямо предусмотрено, что прерывание сроков расследования уголовных дел не препятствует проведению оперативных мероприятий или негласных следственных действий.

Расширены права свидетеля, имеющего право на защиту, так как его статус в уголовном процессе идентичен статусу подозреваемого (ст. 78 УПК).

Усилен ведомственный контроль и к начальникам следственного отдела, органа дознания будут предъявляться такие же обязанности как к прокурорам при рассмотрении жалоб участников процесса.

В качестве вещественных доказательств и предмета конфискации предусмотрены не только орудия преступления, но и средства. Эта норма позволит конфисковывать машины, катера браконьеров, а также иные средства, с помощью которых совершаются преступления.

В протоколе задержания лица орган расследования будет обязан указывать сроки задержания. Это позволит прокурорам лучше их контролировать.

При применении залога на подозреваемого также налагаются дополнительные требования о недопущении совершения уголовных правонарушений.

Вводится право прокурора допросить задержанного лица. Такое полномочие раньше было у прокуроров и являлось эффективным способом узнать личность преступника.

О применении содержания под стражей к иностранцу орган расследования также будет обязан уведомить наше Министерство иностранных дел. А они уже дальше будут уведомлять зарубежные органы.

Основанием для регистрации в ЕРДР будет являться не только частное постановление, но и частное определение суда, выносимое в порядке гражданского судопроизводства.

Также согласно новым нормам закона, теперь негласные следственные действия (далее-НСД) не ограничивают права лиц на проведение ускоренного расследования и подсудимых на назначение уголовного наказания не более половины от максимального срока.

Для прекращения незаконно проводимых НСД, санкционированных судом, прокурор будет обращаться к следственному судье, а не санкционируемые НСД прокурор может прекращать самостоятельно.

Сокращены сроки допроса беременных женщин или имеющих на иждивении малолетних детей, женщин в возрасте 58 и выше лет, мужчин - 63 лет и выше (Непрерывный допрос не должен превышать 3-х часов, а общая продолжительность допроса – 5-ти часов).

Вводится отдельная статья, предусматривающая особенности допроса свидетеля, имеющего право на защиту. Ему будет сообщаться о сути заявления или свидетельских показаний, которые указывают на него, а также его права, включая отказ от дачи показаний.

Исключаются сроки реализации вещественных доказательств, хранение которых требует значительных затрат. Орган следствия не будет ждать 6 месяцев, а может сразу организовать их реализацию.

Негласное внедрение или имитация преступной деятельности исключена из категории негласных следственных действий.

При вручении обвинительного акта прокурором в расписке должно быть указано о разъяснении обвиняемому его прав.

По делам об уголовных проступках изменен порядок производства. Теперь протокол может составляться в течение 10 суток с момента допроса подозреваемого. Если орган расследования не успевает окончить дело в протокольной форме в установленные сроки, то он вправе назначить не только дознание, но и предварительное следствие.

Если квалификация меняется с преступления на уголовный проступок, то дело будет завершаться составлением протокола.

Вводятся сроки заключения соглашений в форме сделки о признании вины. Теперь прокурор будет обязан принять решение в течение 7 суток с момента поступления ходатайства.

Кроме вышеизложенного в действующее законодательство внесены и другие немаловажные поправки, с которыми должен ознакомиться каждый гражданин страны.

Абылайбек ОРДАБАЕВ
Актюбинский
транспортный прокурор

Шығармашылық беттері

Творческие страницы

Creative pages

Теректисай деген Арал ауданының орталығынан 500 шақырым қашықтықта орналасқан елді мекен бар. Аузын ашса жүректері көрінетін, жолаушылап келген қонақты бір қойдың құйқасын аспай жібермейтін, ат төбеліндей азғантай, аңқылдаған халқы тартылған Арал сутоғанын теңіз деп атайды, соның бір бөлік жағалауында жесе тағам, мінсе көлік, ішсе сусын болатын төрт-түлігімен шаруа қамдарын дөңгелетіп отырады. Сонымен қатар, ата кәсіп саналатын балық аулаумен де шұғылданады.

Осы Теректисайда тұрмыстары орта қатарлы бір жанұя бар. Кезінде бұйра шашты, мұрты қиылған Мұқан мен қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, жіңішке қара қасты, қыр мұрынды, ақша жүзді Ажар Құдай тәбәреке уә тағалаға жалбарынып жүріп, отызға шамалаған жастарында, әулие-әмбие-леп бір перзентті болып еді. Қуанып күткендері ұл болып, атын Ербол қойды. Қазірде жастары елуді алқымдаған ана мен әке жиырмадағы жалғыз ұлын жақында аяқтандырды. Әкесіне тарта туған зіңгіттей жігітке қолаң қара шашты, күн шалмаған үлбір тамақ, тістері маржандай тізілген, бұлбұл үнді, көрікті қыз тап келді.

Жүректері бірге соғып, махаббат сезімінің ғажайып қуатымен қосылған өрімдей екі жас Әсел мен Ербол өмірге сондай риза еді. Дүниенің бақытты бейнесі олардың жүздеріне ешқашан қайғы-қасірет түсірмейтіндей көрінетін. Жүзіктің көзінен өткендей сұлу, саусағынан бал тамған, бесаспап жас келінді ата-ене де туғанындай бауырына тартты.

Жаздың салқын самал кештерінің бірінде, ақшам уақыты мезгілінде Ерболдың әкесі оған теңіз-дегі ауды қарап келуге жұмсады. Жалпы, бұл отбасы балық шаруашылығымен аз-маз айналысатын. Асқар таудай арқа сүйер тірегіне балайтын әкесіне қарсы келмейтін Ербол шегі мен шеті көрінбейтін теңізге жалғыз кете барды.

Келіндік міндеті тигелі, алтын айдарлы әтештің кеңірдегін жырта, ышқырына «ку-ка-ре-ку» деп шақыруымен, таңмен таласа оянуға дағдыланып кеткен Әсел үйдің ішін қанттай қып жинап, мұңтаздай таза ұстайды. Төрт мезгіл тамақ уақытында неше түрлі дәмді пісіріп, қолы-қолына жұқпай тез қимылдайды. Бүгінгі кешкілікке нанды қағаздай жұп-жұқа етіп жайып, қазанда бұрқылдап қайнап жатқан еттің бетіндегі қанды көбігін алып, пісті-ау деген ойменен етті сорпасынан бөлек табаққа қотарып алды да, маздап жанып жатқан отты темір кесеумен түртті-түртті, сорпаға ромб тәріздес етіп кескен қамырды Ербол келгеннен кейін саламын деп ұйғарды. Ешкімге теңгермейтін сүйікті қосағын есік-

АЖАЛ ҚҰШТЫРҒАН АҚШАМ

(әңгіме)



тен сыртқа шығып ауық-ауық қарайды да, біресе тұнық аспандағы жарқыраған жұлдыздар мен жымып күлген жаңа туған айға телміріп, «ескі ай есірке, жаңа ай жарылқа» деп бетін сипады. Ерлінің жолына тағы да көз қиғын салып, қолды-аяққа тұрмай бір сәт дегірсіздене есі шықты.

Бірақ, Ерболдың келетін түрі жоқ. Жиырма минут ішінде бітетін шаруаға бөтелгеніне біршама уақыт өтті. Самал тербеген теректің жапырағы, үрген иттің дауысы, көліктің гүрілі, құрбақаның шырылы Ерболдың аяқ ізіндей құлаққа шалынып, алдамшы үміттің жетегімен, үш-төрт сағат артта қалды. Әселдің жүрегі аттай тулап, бір жамандықты сезетіндей. Өрі-беріден соң атасы Мұқан теңіз маңайын барлап, ұлының есімін атап, айқайлағанмен ешкім үндемеді. Үй ішінде көздері жәутендеп отырған ене мен келіннің ойлары сан-саққа кеткен. Өзінің шамасы келмейтінін білген Мұқан ауылдағы еркек кіндікті азаматтарды көмекке шақырды. Түнгі ауыл у-шу. Күн көжіектен найза бойы көтерілгенше қайырымды қалың қауым Ерболды алапат теңіздің о шетінен бұ шетіне дейін қанша із

десе де, таппады.

Нар тұлғалы әкеде мүлде ес қалмаған. «Жалғызым, балапаным-ау! Сорлы анаңды зарлатып қалдырып кеткенің не, құлыным-ау? Қас пен көздің арасында қайда кеттің, жары-ғы-ы-м? Не жазып едім жалғанға, бүйтіп сорлап қалатындай... Уһ... Құдай-ай... Жаным-ай...?!», — деп ана байғұс толқыны тулаған теңіз жағасына келіп, жан даусымен шыңғырып, жүрегі қарс айырылды. Денені шымырлатып жіберетін сап-салқын суда көйлегінің кеуде тұсына дейін кешіп, шылқыған шеше еңіреген күйі сылқ түсіп, есінен танып қалды. Әселдің «ол тірі, тірі... қайтып келеді» деген сенімі құр сүлдері қалған қалпын тыныштандырып тұрғандай еді.

Екі-үш күн өткен соң құтқару қызметкерлері әрең дегенде тапты-ау, Ерболдың көкпеңбек, тарамыс болған денесін! «Баламды теңізге сенің қырсық мінезіңнің кесірінен жібердің», — деп күйзеліске түскен, жынынан айырылған бақсыдай, ақылынан адасқан бейшара ана жалғыздың өліміне күйеуін кінәлап, атарға оғы болмай, балта алып жүгіргенде, ауыл әйелдері жүгіріп, «қой-қой-

лап» басып еді, мұңлықты! Самайындағы аппақ қардай ақ шашы мен маңдайындағы бебеулеп шыққан көк тамырлары шытынап, жарылып кетердей көрінген ғазиз шешесі құлынының көйлегін иіскеп, мауқын басқанда, бейне бір «тұлыпқа мөңіреген сиырдай» болып еді. Өмірде ер адамның көз жасын көргеннен артық ауыр сезім жоқ екен. Бір бұрышта басы салбырап, бүрісіп, көз жасына көлдей болған бетін екі алақанымен басып, солқ-солқ етіп, отырып қалған Мұқанның алып денесі сең соққандай теңселіп тұрды.

Ал отасқандарына 12 күн ғана болған Әселдің жанарының оты сөнген. Неше күннен бері нәр татпай, реңі бозарып, шиедей еріндерінің тілім-тілімі шығып, жүдеп кеткен арудың бетін тырнап, ойбайға басып, серігін жоқтап жылағанда сай-сүйегі сырқырамаған, қабырғасы қайыспаған, алпыс екі тамыры босамаған жан қалмады. Кеше ғана бәрі-бәрі басқаша еді. Ал, бүгін...

Жаратқан бір пендесін алса да, сол адамның орнын басатын екінші ұрпақты келіннің бойына дарытыпты. Міне, Ерболдың да қырқы өтті. Жағына пышақ жанығандай, қайғыдан қан жұтқан шерлі қыздың осы шаңырақта қалып, о дүниелік болған қосағын жоқтатпаймын деп жүргенінде, «күйеуімді сен жұттың» деген қайын апаларының қатқыл сөздері адырнасын кере тартқан улы жөбенің ұшындай екінші рет жүрегіне дік болып қадалып, мәңгілік жазылмайтын жараға айналып еді. Осылайша, нағыз шерменде болған Әсел жанын жегідей жеген сөздерден кейін өз жұртына кетуге мәжбүр болды.

Бүгінде, бұл шаңырақтың кісі қызығарлық сыйқы қалмады. Айдың күні аманында ұлдары ажал құшқан сол ақшамнан бері бес ай өтті. Мұқан әке маскүнемдікке салынған, Ажар ана әлі де ақыл-естен айырылған қалыпта. Ал Арал ғана түйеөркеш толқындары жағаға соғып, бейқам.

Тағдырға ешкім өмір ете алмайды екен. Ол бәрібір өз дегенін жасайды. Ажал да айтып келмейді. Біздің әр біріміздің жүріп өтер өткелдеріміз бен сүріп өтер соқпақтарымыз ана құрсағында жатқанда-ақ маңдайымызға жазылады. Жалғанның сондай бір мезеттегі теперішіне қарсы тұрап сабыр атты қалқан болмаса, кез-келгенді жайпап тастар қатал тағдырдың адуынды күшіне шыдау мүмкін болмайды.

Аружан ҚОЛҒАНАТОВА
Жұбанов университеті
«Қазақ филологиясы»
мамандығының
2 курс студенті



ВОЗ признала вспышку коронавируса чрезвычайной ситуацией мирового значения

Всемирная организация здравоохранения признала вспышку коронавируса в Китае чрезвычайной ситуацией международного масштаба, передает BBC news. «Я объявляю международную чрезвычайную ситуацию в области общественного здравоохранения из-за глобальной вспышки коронавируса», — заявил генеральный директор ВОЗ Тедрос Адханом Гебрейесус после совещания чрезвычайного комитета организации в Женеве.

В классификации ВОЗ такими ситуациями считаются «экстраординарные события, которые будут представлять риск в области здравоохранения другим государствам» и «потенциально требуют скоординированных действий международного сообщества».

Между тем, уханьский вирус распространился по всему Китаю. Там число заболевших достигло 7,5 тысяч человек, а погибших от осложнений — 170.

По данным ВОЗ, за пределами Китая зафиксировано 98 случаев заражения в 18 странах, многие из которых ввели карантин. За пределами Китая жертв нет.

Отметим, что случаев заболевания коронавирусом в Казахстане не зафиксировано. На конец января с признаками ОРВИ госпитализировано в изолированные блоки 56 наших сограждан, вернувшихся из поездок в КНР в начале года. У них взяты соответствующие анализы, проводится обследование. В стационарах на сегодня остаются 41 человек, выписано 25.

Айгерке СУЛТАНБЕКОВА

Как избежать заражения коронавирусом:



Мойте руки с жидким мылом и водой или используйте антисептические средства на спиртовой основе

При чихании и кашле прикрывайте рот и нос бумажной салфеткой или согнутым локтем



Избегайте тесных контактов с людьми с симптомами острых респираторных инфекций или гриппа

Подвергайте тщательной термической обработке мясо и яйца



Избегайте контактов с животными и птицами в дикой природе и на фермах



World Health Organization

СИМПТОМЫ КОРОНАВИРУСА

Распространяется респираторным путем



- Головная боль
- Насморк
- Боль в груди
- Пневмония
- Лихорадка
- Повышенная температура
- Ускоренное сердцебиение
- Учащенное дыхание

ПРЕДОТВРАЩЕНИЕ ЗАБОЛЕВАНИЯ:



- Мыть руки антисептическим мылом
- Избегать близкого контакта с зараженными
- Хорошо обжаривать / проваривать мясо и яйца
- Пользоваться салфетками при насморке и кашле
- Избегать контакта с дикими животными и скотом

При симптомах звонить **103**

Доп информация **1406**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:

ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы

Ректор
Бауыржан Ердембеков

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы (ағылшын тілі)
Айнұр Қожабаева

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: www.arsu.kz

Facebook: ZhU oblystiy gazeti

Таралымы: 5000 дана